



Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы
Әдістеме – библиография бөлімі

Азаттықты аңсаған Алаш жолы

/ Алаш саяси партиясының I-Жалпықазақ съезіне 100 жыл /

Библиографиялық көрсеткіш



Арқалық қаласы, 2017

Құрастырушыдан

Халқымыздың тарихы ұшан-теңіз екеніне Тәуелсіз ел болғаннан бері көз жеткізіп келеміз. Небір тың деректерді, ел болашағына көз жіберген дара даналарды танып, біліп отырмыз. Алаш қозғалысы, «Алаш» партиясы, Алашорда үкіметі, Алаш идеясы бүгінгі таңда қазақ тарихының күрделі әрі көкейкесті мәселелері болып табылады. Жоғарыда аталған күні кешеге дейін лайықты бағасын ала алмай келген ұғымдар қазақ қоғамындағы ұлттық оянудың, ұлттық сана қалыптасуының бір көрсеткіші.

«Алаш» партиясын құру мен Алашорда үкіметін қалыптастыру жолындағы жанқиярлық еңбегі нәтижесінде «Алаш арыстары» ардақты есімін иеленген зиялы қауым тарих сахнасына көтерілді.

«Алаш саяси партиясының 100 жылдығына» орай шығарылып отырған библиографиялық көрсеткіште елім, жерім деп арыстандай айбаттанып, «Оян, қазақ!» деп үн қатқан Алаш азаматтары, ардақты зиялыларымыз кешегі қызыл империяның қанды тырнағына ілінген азаматтарымыздың ерен ерлігін жас ұрпаққа үлгі етіп, насихаттау мақсатында библиографиялық көрсеткішті оқырман қауымының назарына ұсындық.

Библиографиялық көрсеткіш «Алаш қозғалысы: Аңыз және Ақиқат», «Алаш партиясы, Алаш партиясы съезінің қаулысы» «Алашқа айбын болған арыстар», «Алаш арыстары және әдебиет» атты бөлімдерден тұрады.

Библиографиялық көрсеткіштің «Алаш қозғалысы: Ақиқат және Аңыз» бөлімінде «Алаш» партиясының құрылуы, мақсаты және қызметі жайында мәлімет берілсе, «Алаш» партиясы «Алаш партиясы съезінің қаулысы» бөлімінде бірінші Жалпықазақ съезінде «Алаш» атты партия құрылып, бұл съезде қаралған басты мәселелерді айқындайды.

«Алашқа айбын болған арыстар» бөлімінде азаттық үшін, ұлт еркіндігі үшін күрескен Алаш зиялылары ұлт-азаттық қозғалысқа жаңаша сипат беріп, саяси күрес түрін, күшін қалыптастырғандығы туралы айтылып, алаш ардақтылары туралы жазылған әдебиеттер мен мерзімді баспасөз бетінде жарияланған мақалалар тізімі енгізілген.

«Алаш арыстары және әдебиет» бөлімінде Алаш қайраткерлерінің әдеби шығармалар арқылы қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген, жаңа өлеңдік форма мысал арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен жазылған Алаш қайраткерлерінің шығармашылықтары жайында мағлұматтар берілген.

Көрсеткіштің соңғы бөлімінде Есімдер көрсеткіші берілген. Библиографиялық көрсеткіш тарихшыларға, ғылыми қызметкерлерге, оқытушылар мен студенттерге ел тарихын білгісі келетін барша оқырман қауымға арналған.

«Алаш қозғалысы: Аңыз және Ақиқат»

«Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп,
Қазағым, енді жату жарамасты»

(Мыржақып Дулатов)

20 ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында жаңа жағдай қалыптасты. Ресейлік әскери-монархиялық басқару жүйесі, қазақ жерінің орыс мемлекетінің меншігі етіп жариялануы, осыған орай ішкі Ресейден қоныс аударушылар легінің күрт өсуі, қазақ бұқарасының зорлықпен егіншілікке жарамды жерлерден ысырылуы, дәстүрлі қазақ шаруашылығының дағдарысқа ұшырауы сол қалыптасқан жағдайдың көріністері еді. Сол кездегі қазақ қоғамы дамуының күн тәртібінде қазақ халқының ұлт ретінде жоғалуы, не өзін-өзі сақтауы үшін күреске шығу мәселесі тұрды. Бірақ ендігі уақытта жеке батырлар бастаған қол түзіп, қару асынып көтеріліске шығу нәтиже бере қоймайтын еді. Қалыптасқан жаңа саяси жайға лайық жаңа күрес құралдары, әдіс-айла қажет болды, ең негізгісі халыққа оның алдында тұрған негізгі мақсат-мүдделерін түсіндіріп жеткізетін жаңа саяси әлеуметтік күшке сұраныс үлкен еді. Ондай саяси күштің қалыптасып келе жатқанын 1905-07 жылдардағы оқиғалар көрсетіп берді. Ол күш – сан жағынан аз болғанымен, саяси күрес қазанында қайнап, тез ысыла бастаған ұлттық интеллигенция болатын. Осы бірінші орыс революциясы жылдары ұлттық зиялылар кейін Алаш қозғалысы атанған қоғамдық қозғалыстың негізін қалады.

1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде дүниеге келген Қарқаралы хұзырхаты (петициясы) оның бағдарламалық құжаты болатын. Оны дайындағандар: Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Жақып Ақбаев. Осы мезгілден бастап Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов жетекшілік еткен ұлттық зиялылар жаңа өрлеу ала бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа нысаналы сипат беру үшін газет шығару, азаттыққа үндеген кітаптар бастырып тарату, Мемлекеттік Дума жайындағы мұсылман фракциясы жұмысына, жалпыресейлік мұсылман, түркішілдік қозғалыстарға атсалысу сияқты қазақ қоғамына бейтаныс күрес әдістерін игере бастады.

Бұл құзырхатты өз қолымен Петербургтағы үкімет орындарына тапсырушы Ә. Бөкейханов болды. Осыдан кейін алаш зиялылары қуғын-сүргінге ұшырады.

Патшалық Ресей 1904 жылы қоныс аудару, жерге орналастыру басқармасын құрып, отарлау саясатын жалғастырды. Қазақтың көптеген құнарлы жерлерін тартып алып, келімсектерге берді.

Қарқаралы құзырхатында көтерілген мәселелер:

1. Қазақтар орналасқан жерлерді олардың заңды меншігі ретінде мойындау;
2. Қазақ мектептерін ашу;
3. Болыс кеңселерінде, сотта іс-қағаздарын қазақ тілінде жүргізу;
4. Мұсылмандық діни басқару жүйесін құру;
5. Қазақша басылымдарға арналған баспаханаларды ашу;
6. Қазақ еліне земстволық басқару жүйесін беру;
7. Қазақ халқын орыстандыру саясатын тоқтату;
8. Сайлау құқығын кеңейту және басқа мәселелер;

«Қарқаралы құзырхатында» қазақ халқының еркіндікті аңсаған мұң-мұқтажы ашық білдірілді. Бұл Ресей езгісінде отырған елдердің ішінде бірінші шыққан құзырхат еді. Бірақ ол Ресей патшалығына ұнаған жоқ, қазақ зиялылары қуғын-сүргінге ұшырап, Кеңес үкіметі тұсында көптеген зиялыларымыз халық жауы деп саналып, атылып кеткені белгілі.

1911 жылдан шыға бастаған «Айқап» журналы, 1913 жылдан жарық көріп, жалпыхалықтық басылымға айналған «Қазақ», «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Ақ жол» газеттері ұлт-азаттық күрес идеологиясының қалыптасуына қызмет етті.

Алаш қозғалысының басты мақсаты - қазақ елінің өзін-өзі басқару, ұлттық мүддесін қорғай алатын мемлекеттік жүйе құру құқын метрополияға мойындату, түбінде дербес мемлекет құру, қазақ жеріне ішкі Ресейден қоныс аударуға шек қою, әлемдік озық тәжірибені пайдалана отырып, дәстүрлі мал шаруашылығын өркендету, егіншіліктің, өнеркәсіптің дамуын қамтамасыз ету, рыноктық қатынастарға жол ашу, жеке адам құқын және басқа демократиялық ұстанымдарды қадір тұту, ұлттық мәдениетті өркендету, оқу жүйесінің, тілдің дамуына қажетті шарттар түзу болды. Бірінші орыс революциясы жылдарынан бастау алатын Алаш ұлт-азаттық қозғалысы 1917 жылы ақпан және желтоқсан айлары аралығында өзінің шарықтау шегіне жетті. Осы жылдың жазы мен көктемінде Қазақ комитеттерінің пайда болуы, күзіне қарай «Алаш» партиясының, соңына қарай Түркістан автономиясы (Қоқан автономиясы) және Алашорда үкіметтерінің құрылуы бұл қозғалыстың нақты нәтижелері болатын. 1917 жылы пайда болған бұл саяси құрылымдар большевиктер тарапынан күшпен таратылғанмен, ұлт-азаттық қозғалыс күштері саяси күрес сахнасынан бірден кете қойған жоқ. Мемлекеттік тәуелсіздік, жер және кезінде алаш зиялылары күн тәртібіне қойған қоғамдық-саяси мәселелерді басты талабы етіп, ұлт-азаттық қозғалыс жаңа сипатта Т. Рысқұлов, С. Асфендияров, С. Қожанов, С. Садуақасов, Ж. Мыңбаев қызметінде одан әрі өрши түсті. Елде тоталитарлық жүйе орнағаннан кейінгі уақытта енді ол жаңа саяси жағдайға байланысты шетелдік эмиграция күшімен жүргізілді. Мұстафа Шоқайдың қызметі, оның басшылығымен 10 жыл (1929-39) шығып тұрған «Яш Түркістан» журналындағы материалдар соның айғағы еді. **Негізгі мақсаты ұлттық бостандық болған** Алаш қозғалысы көрші түркі, мұсылман халықтарымен күш біріктіруге тырысты. Сөйтіп, 20 ғасырдың алғашқы жылдарынан бастау

алатын Алаш ұлт-азаттық қозғалысы 30 жылдарға дейін тарихи кезеңді қамтыды. Кеңестік билік алаштық атанған зиялылардың ең белсенді бөлігін, қуғын-сүргінге ұшыратып, жауыздықпен жазалады.

Алаш қозғалысының мүшелері:

- Ақбаев Жақып
- Аманжолов Садық
- Алмасов Омар
- Байтұрсынұлы Ахмет
- Бекімов Молданияз
- Бірімжанов Ахмет
- Бөкейхан Әлихан
Нұрмұхамедұлы
- Боштаев Мұқыш
- Досмұхамедов Жаһанша
- Досмұхамедов Халел
- Ермеков Әлімхан
- Жақыпбаев Нүсіпбек
- Жанайдаров Сейілбек
- Жұмабаев Мағжан Бекенұлы
- Итбаев Ережеп
- Қадырбаев Сейдәзім
- Қашқынбаев Иса
- Кенжин Аспандияр
- Мәметов Базарбай
- Омаров Елдес
- Сарсенов Бидахмет
- Сабатаев Сатылған
- Солтоноев Белек
- Танашев Уәлитхан
- Тиесов Елдес Омаұлы
- Тынышбайұлы Мұхаметжан
- Тұрлыбаев Айдархан
- Шонанов Телжан
- Шоқай Мұстафа
- Ғаббасов Халел
- Құлманов Бақыткерей
- Әлжанов Отыншы

Алаш қозғалысы туралы әдебиеттер:

1. Алашорда: энциклопедия / құраст. Ғ. Әнес, С. Смағұлова. - Алматы: Арыс, 2009. - 544 б.
2. Алаш қозғалысы: құжаттар мен материалдар жинағы (сәуір 1920-1928 жж.). 3-том, 1-кітап / [құраст.: Е. М. Грибанова, А. Е. Жүсіпова, А. С. Зұлқашева және т. б.].- Алматы: Ел-шежіре, 2007. - 304 б.
3. "Алаш" қозғалысы: тарих және қазіргі заман: библиографиялық көрсеткіш / ҚРҰ кітапханасы., құраст. М. Әбілова, А. Нурсейтова.- Алматы, 2005. - 139 б.
4. Алаш қозғалысы: құжаттар мен материалдар жинағы. 2-ші том / құраст. Е. М. Грибанова, А. Е. Жүсіпова, А. С. Зұлқашева ж. б. - Алматы: Алаш, 2005 . - 432 б.
5. Құл-Мұхамед М. Алаш бағдарламасы. Қиянат пен ақиқат. – Алматы, 2000. – 240 б.
6. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы : оқу құралы. – Алматы, 1995. – 368 б.
7. Алаш мирас: құжаттар жинағы: екінші кітап / [құраст. Н. Шакеев] - Алматы: Қазақстан, 1995. - 208 б.

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдар:

8. Батыр, Н. Алаштан «Айтылған тарихқа» дейін? [Мәтін] : [алаш зерттеушісі, ғалым Мәмбет Құлжабайұлы Қойгелдиев шығармашылығы] / Н. Батыр // Қазақ әдебиеті. – 2017. – 27 қаңтар. - Б. 12.
9. Талғатқызы, А. Ер есімі ел есінде ме? [Мәтін] : [«Қазақтың Ломоносовы» атанған Елдес Омарұлына арналған шара Қостанайда өтті] / А. Талғатқызы // Қазақ. – 2017. – 24-31 наурыз. – Б. 7.
10. Бәкиев, Ж. Алаш және Тәуелсіздік идеясы: [алаш қозғалысы және Тәуелсіздігіміздің басталуы туралы] / Ж. Бәкиев // Қазақстан тарихы : әдістемелік журнал.- 2016. - № 2. - Б. 55-65.
11. Мұстафа Шоқай ескерткіші [Мәтін] : [Алаш ардақтысы Мұстафа Шоқайға арналған ескерткіштің салтанатты ашылу рәсімі жайында] // Қазақ. – 2017. – 24-31 наурыз. – Б. 3.
12. Ескекбаев, Д. Кеңес Нұрпейісұлы һәм Алаш қозғалысы [Мәтін] : [Алаш және Алашорда тарихы жайлы] / Д. Ескекбаев // Қазақ әдебиеті. – 2017. – 17-30 наурыз. – Б. 27.
13. Бәкиев, Ж. Алаш және Тәуелсіздік идеясы: [алаш қозғалысы және Тәуелсіздігіміздің басталуы туралы] / Ж. Бәкиев // Қазақстан тарихы : әдістемелік журнал. - 2016. - № 2. - Б. 55-65.
14. Әбдікұлы, Т. Алаш идеясы және Рымғали [Мәтін] : [жазушы, ғалым

- Рымғали Нұрғали туралы] / Т. Әбдікұлы // Егемен Қазақстан. - 2011. - 12 ақпан. - Б. 8.
15. Әбдірәсілов Е. "Алаш" кезеңі [Мәтін] : [қазақ терминологиялық сөздіктер тарихынан] / Е. Әбдірәсілов // Қазақ. - 2011. - 5 тамыз. - Б. 11.
 16. Әбдіхалықұлы, Ө. Алаштың әнұраны [Мәтін] : [алаштың әнұраны туралы ойлар] / Ө. Әбдіхалықұлы // Қостанай таңы. - 2011. - 11 қараша. - Б. 3.
 17. Шойбекова, П. Алашым – Арысым [Мәтін] : [іс-шара] / П. Шойбекова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2011. - № 6. – Б. 51-53.
 18. Құрманалина, Ш. Алаш құндылықтары негізінде ұлттық сананы қалыптастыру [Мәтін] : [алаш идеялары туралы] / Ш. Құрманалина // Ақиқат. - 2011. - № 6. – Б. 12-14.
 19. 31 мамыр Қазақстанда Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні [Мәтін] : [жазықсыз жазаланғандар туралы деректер] // Біздің Торғай. - 2010. - 4 маусым. – Б. 6.
 20. Жұртбай, Т. Алаш идеясы ешқашан өшпек емес.. [Мәтін] : [алаш арыстары туралы] / Т. Жұртбай // Айқын. - 2010. - № 22 – Б. 3.
 21. Әбжанов, Х. Алаш қозғалысындағы ұлттық идея эволюциясы [Мәтін] : [алаш ұлт - азаттық қозғалысының тарихына зерттеулер жүргізіп, ғылыми талдау жасайды] / Х. Әбжанов // Абай. - 2008. - № 4. – Б. 18-23.
 22. Қасымов, Г. Азаттықты аңсаған Алаш [Мәтін] : [алаш арыстары туралы] / Г.Қасымов // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2008.- № 3. –Б. 16-17
 23. Қойшыбаев, Б. Алаш қозғалысы және оның тарихи тағылымы [Мәтін] : [Алаш - Орданың 90 жылдығына байланысты] / Б. Қойшыбаев // Егемен Қазақстан. - 2008. - 11 маусым.
 24. Құсайын, Т. Құрыш шыныққан жерде [Мәтін] : [Күнбатыс Алашорданың құрылғанына 80 жыл толуына орай] / Т. Құсайын // Егемен Қазақстан. – 1998. – 11 қыркүйек. – Б. 10.
 25. Нұрпейісұлы, К. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция [Мәтін] : [Алаш қозғалысының 80 жылдығына орай] / К. Нұрпейісұлы // Егемен Қазақстан. – 1997. – 5 желтоқсан. – Б. 3, 5.
 26. Алаш қозғалысы туралы аңыз бен ақиқат [Мәтін] : [Алаш қозғалысы деген ұғым, ұлт-азаттық қозғалысы деген ұғымның баламасы] // Қазақстан әйелдері. – 1997. – № 8. – Б. 8.
 27. Жексеғұлқызы, Г. Алаш қозғалысы туралы аңыз бен ақиқат [Мәтін] : [Алаш қайраткерлерінен қалған аса бай рухани мұралардың қайтадан халыққа қызмет көрсетіп жатқаны туралы] / Г. Жексеғұлқызы // Қазақстан әйелдері. - 1997. - №8. – Б. 8 - 9.
 28. Омарбеков, Т. Алаш қозғалысы: Аңыз және ақиқат [Мәтін] : [тарихшы Мәмбет Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» еңбегін оқығанда туған ойлар] / Т. Омарбеков // Егемен Қазақстан. – 1995. –

10 маусым. – Б. 2.

29. Ахметов, З. «Алаш туын қолға алған» [Мәтін] : [қоғам қайраткері Әлихан Бөкейхановтың «Шығармалар» атты жаңа кітабы жайында] / З. Ахметов // Қазақ әдебиеті. – 1995. – Б. 2.
30. Бейсебаев, И. Алаш пен Алашорда туралы шындық [Мәтін] : [Алаш партиясы жайында] / И. Бейсебаев // Торғай таңы – 1995. – 30 тамыз.

«Алаш» партиясы «Алаш» партиясы съезінің қаулысы



20 ғасырдағы қазақ тарихында терең із қалдырған «Алаш» партиясы – қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық партиясы (1917-20). Алаш партиясының өмірге келуі, біріншіден, қазақ елінің қоғамдық дамуының жаңа экономикалық саяси және рухани негізде қайта құру қажеттілігінің пісіп жетілгендігін,

екіншіден Ресей империясының Қазақстанда орнатқан отарлық басқару жүйесінің дағдарысқа ұшырағандығын көрсетті. Қазақ зиялылары қоғамдық сұранысқа сай партия құру әрекетін бірінші орыс революциясы жылдарында (1905-07) қолға алды. XIX ғасырда патша өкіметі қазақ жерін бөлшектеп дүркін-дүркін әскери-саяси реформалар жасап, бір-тұтас қазақ халқын бір-бірінен әкімшілік территориялық бөлінісіне қарай бөліп жіберді. Қазақ жері Орынбор, Дала, Түркістан генерал-губернаторлығына және Астрахан, Томск, Закаспий болып бөлініп басқарылды. Осы тұста 1917-1919 жылдары Алашорда үкіметінің көсемдері автономия жариялай отырып әр тұсқа шашырап кеткен қазақ халқының басын біртұтас мемлекетінің туы астына біріктіруге күш салып, Алашорда үкіметі құрды. Алаш партиясы - қазақ халқының тұңғыш ұлттық-демократиялық партиясы (1917-1920 жж.). Алаш партиясын құру жөніндегі мәселе 1917 жылы 21-26 шілде аралығында Орынбор қаласында I Жалпықазақ съезінде талқыланды. Алдымен Ә.Бөкейхановтың жетекшілік етуімен Партияның облыстық ұйымдары құрылды. 1917 жылдың қазан айында Семейде (төрағасы - Халел Ғаббасов), Омбыда (төрағасы - Айдархан Тұрлыбаев), ал қараша айында Орынборда (төрағасы - Әлихан Бөкейханов) облыстық партия комитеттері ұйымдастырылды.

Жаңадан құрылған партия «Алаш» деген атқа ие болды. Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне съезд шешімімен Ақмоладан Айдархан Тұрлыбаев, Семейден Әбікей Сәтбаев, Торғайдан Әлжан Байғарин, Оралдан Жаһанша Досмұхамбетов, Бөкейден Уәлихан Таңашев, Жетісудан Базарбай Мәметов, Сырдариядан Мұстафа Шоқай, Ферғанадан Ғ.Оразаев сайланды.

Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов сияқты қазақтың либералды-демократиялық интелегенциясының көсемдері басқарған Алаш партиясының

құрамына әуел бастан-ақ қазақтың ғылыми және шығармашылық зиялыларының белгілі өкілдері – М.Тынышбаев, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, Ғ.Қарашев, С.Торайғыров, Х.Ғаббасов, Ә.Ермеков, Ж.Досмұхамедов, М.Дулатов, т.б. кірді.



«Алаш» партиясының басшылары, 1917,
Әлихан Нұрмұхамедұлы
Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы
солдан оңға қарай: Ахмет Байтұрсынұлы,
Әлихан Нұрмұхамедұлы
Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы

1917 жылдың жазына қарай қазақтың либералдық – демократиялық қозғалысы жетекшілерінің Уақытша үкіметке деген сенімі әлсіреді. Өйткені, Уақытша үкімет Қазақстанда түбірлі әлеуметтік-саяси мәселелер бойынша іс жүзінде құлатылған патша үкіметінің саясатын жүргізумен болды. Өзінің мәні жөнінен империалистік билеу мен басқару органы болған Уақытша үкімет нағыз демократиялық тұрғыдан ұлт және аграрлық мәселелерді шешу тұрмақ, оған талпыныс та жасамады. Басқа езілген халықтар сияқты, қазақ халқының өзін-өзі билеу, Қазақстанның өз алдына ұлттық-демократиялық автономия болуы жөніндегі мәселені мемлекеттік дәреже деңгейіне көтереді деген үмітті Уақытша үкімет аяқасты етті. Осыдан кейін Уақытша үкіметтегі шешуші позицияға ие болып отырған кадеттерге деген Ә.Бөкейхановтың көзқарасы күрт өзгерді. Мұны Ә.Бөкейханов кейінірек «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 23 желтоқсандағы 256-санында жарияланған «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» деген ашық хатында (хат «Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы 25 қаңтарындағы №29 санында басылды) жан-жақты негіздеді.

Басқа сөзбен айтқанда, Ә.Бөкейханов кадет партиясынан ат құйрығын үзуін қазақ қауымы үшін өмірлік маңызды үш мәселе жөнінен – **аграрлық, ұлттық-мемлекеттік құрылыс және дін мәселесі** бойынша келіспегендіктен деп түсіндіреді. Осы басты мәселелер мен олармен тығыз байланысты басқа да күрделі проблемаларды талқылау үшін бүкілқазақтық съезд шақыруды дұрыс деп тапқанын ашық мәлімдейді. Осының нәтижесінде Ә.Бөкейхановтың кадет партиясынан іргесін аулақ салып, енді қазақ автономиясын құруға мұрындық болуға тиісті ұлттық-саяси партия ұйымдастыруға бел шеше кірісуі үлкен саясаткерге тән батыл қадам болды.

Бірінші бүкілқазақтық съезд 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында өтті. Оған Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария облыстары мен Бөкей ордасынан, сонымен қатар Ферғана облысының қазақтар мекендеген аудандарының өкілдері қатынасты. Съезге қатынасушылар саны аса көп болмағанына қарамастан (20-дан астам адам), оның күн тәртібіне сол кездегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық саяси өміріне тікелей қатынасы бар аса маңызды 14 мәселе енгізілді. Бұл мәселелердің басым

көпшілігі 1917 жылғы сәуір-мамыр айларында болған облыстық қазақ съездерінде алдын ала талқыланған болатын және олардың ең маңыздылары болып саналғандары жалпықазақтық құрылтайға ұсынылған еді. Олар мыналар:

1. Мемлекеттік басқару формасы.
2. Автономия құру мәселесі.
3. Жер мәселесі.
4. Халық милициясы
5. Жергілікті басқару
6. Оқу мәселесі
7. Сот мәселесі
8. Дін мәселесі
9. Әйел мәселесі
10. Бүкілресейлік Құрылтай сайлауына дайындық
11. Россия мұсылмандарының кеңесі (шураислам)
12. Қазақ саяси партиясын құру
13. Жетісу облысындағы оқиғалар
14. Киев шаһарында болған Россия Федералистерінің съезіне және

Петроградта болатын оқу комиссиясына қазақтардан өкіл жіберу

Х. Досмұхамбетовтың төрағалығымен, Ахмет Байтұрсыновтың, Ә.Көтібаровтың, Міржақып Дулатовтың және Асылбек Сейітовтың хатшылығымен өткен бірінші жалпықазақтық съезд делегаттары осы 14 мәселенің ішінде өздерінің басты назарын ұлттық автономия, жер, құрылтай съезіне дайындық және қазақтың саяси партиясының құру проблемаларына аударды.

Бірінші жалпықазақтық съезд өзінің күн тәртібіндегі аса маңызды мәселелердің бірі – қазақ саяси партиясын құру мәселесін талқылау барысында іс жүзінде осы партияны ұйымдастыруға арналған Құрылтай жиналысына айналды. Осы мәселе жөнінде съезд қабылдаған қарарда былай делінеді: «Қазақ халқының өз алдына саяси партиясы болуын тиіс көріп, бұл партияның жобасын жасауды съезд исламға сайланған қазақ өкілдеріне тапсырды. Партияның негізгі демократическая федеративная парламентарная республика құрылмақ. Партия жобасын жасап болған соң өкілдер қазақ областной комитеттерінің қарауына жіберді. Онан кейін Учредительное собраниеге жиналған қазақ депутаттары қарап бекітеді.

Қазақ саяси партиясының жобасы жасалғанша осы съездің қаулылары Учредительное собраниеге баратын қазақ депутаттарына наказ – аманат болады».

Бірінші жалпықазақтық съезде дүниеге келген Алаш партиясы болу керек деп тұжырымдады.

Съездің күн тәртібіндегі 14 мәселе бойынша қабылданған қарарлар тізбегі кейінірек, 1917 жылғы «ҚАЗАҚ» газетінде қарашаның 21-күні жарияланған Алаш партиясы бағдарламасы жобасында өз бейнесін тапты. Бірінші жалпы қазақ съезінің шешімдеріне сәйкес Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Елдес Ғұмаров, Е. Тұрмұхамедов, Ғ.Жүндібәев, Ғазымбек Бірімжанов дайындаған партия бағдарламасының жобасы он баптан тұрады.

I. Мемлекеттік қалпы. Бұл бапта мемлекеттік құрылыс мәселесінде Россияның терезесі тең мемлекеттердің Федеративтік одағы болуын, оған мүше болған әрбір субъект өзінің егемендік құқы бар болуымен бірге жалпы федеративтік одақ мүдделерін қорғауда «ынтымағы бір» болуын талап етті.

II. Жергілікті бостандық деп аталған Алаш программасы жобасының екінші бабында екі түбірлі мақсат айқындалған: бірінші – Россия Федеративтік мемлекетінің құрамдас бөлігі болуға тиіс қазақ автономиясы бүкіл қазақ халқы мекендеген жерлерге иелік етеді және тең құқықты Федерация мүшесі ретінде оған нұқсан келген жағдайда Қазақстан өз алдына тәуелсіз мемлекет болып бөлініп шығады; екінші - өзінің нақтылы саяси қызметінде Алаш партиясы жалпыадамзаттық игіліктерді басшылыққа алып, әділетке жақ, зорлыққа қас болады.

III. Негізгі. Құқық. Россия республикасында дінге, қанға қарамай еркек-әйел демей адам баласы тең болу. Жиналыс жасауға, қауым ашуға, жария сөйлеуге, газет шығаруға, кітап бастыртуға еркіншілік.

IV. Дін ісі. Дін ісі мемлекет ісінен айырылуы болуы. Дін біткенге тең құқық. Дін ұстауға ерік, кіру-шығу жағына бостандық.

V. Билік және сот. Билік және сот тұрмыс ыңғайына қарай болуы. Би һәм судья жергілікті жұрттың тілін білу... Қазақ көп жерде сот тілі қазақ тілі болу.

VI. Ел қорғау. Әскер жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету.

VII. Салық мәселесі. Хал-ауқат, табысқа қарай: байға байша, кедейге кедейше ғаділ жолмен таратылу.

VIII. Жұмысшылар. Жұмысшылар закон пансында болу

IX. Ғылым-білім үйрету. Оқу орындарының есігі кімге болса да ашық, ақысыз болуы

X. Жер мәселесі. Жерге бірінші кезекте түпкілікті халық ие болады.

Міне, осы Алаш партиясының тарихи бағдарламасының мәтіні осылай еді. Бұл кезең қазақ халқының бір тұтас ұлттық-территориялық мемлекет болып аз да болса өмір сүрген тарихи уақыты болып саналады.

Көлемі жағынан шағын, мазмұны жағынан терең осы программа жобасы 1917 жылғы қараша айының ортасында өткен Құрылтай съезі сайлауында Алаш партиясының үлкен табысқа жетуін қамтамасыз етті және 1917 жылғы 5-12 желтоқсанда Орынбор қаласында өткен Бүкілқазақстандық екінші съезде қазақ халқының әртүрлі әлеуметтік топтары өкілдерінің бірігіуіне саяси негіз жасады.



Алаш партиясының басты мақсаты – қазақ еліне өзін-өзі басқару мүмкіндігін беретін мемлекеттік жүйе құру, яғни оның ұлттық мемлекеттікке құқы бар екендігін метрополияға мойындату, ал түбінде дербес мемлекеттікке қол жеткізу, қазақ жеріне ішкі Ресейден қоныс аударушылар толқынын тоқтату, әлемдік озық тәжірибеге сүйене отырып қазақ қоғамы жаңа өмір сұранысына сай өзгерту (модернизация),

демократиялық принциптерді қадір тұтумен бір мезгілде, әсіресе, білім мен ұлттық мәдениеттің өркен жаюына жол ашу болды.

«Алаш» партиясын құрып, оның жұмыс істеу бағыты: соғысты тоқтату, ұлттық-аймақтық –федерациялық негіздегі демократиялық республика құру, әйелдердің еркектермен тең құқығы, көп әйел алушылық пен қалыңмалға қарсылық, 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу, міндетті және тегін жалпыға бірдей ана тілінде бастауыш білім беру мәселелері қаралып бекітілді. Алаш партиясы ұлттық саяси күш ретінде Алашорда үкіметін құрып және Алаш автономиясын жариялап, тәуелсіз қазақ мемлекетін құруды көкседі. Тағдырлары қайғылы аяқталғанына қарамастан, Алаш қайраткерлері елі мен жерінің, қазақ ұлтының қамын жеп, оның жарқын болашағы үшін күресті. Олардың идеялық мұрасы саяси санасы толыққан, тәуелсіздік идеясын ту еткен бүгінгі ұрпаққа аманат, атқарған ерен істері өнегелі өсиет, ал ардақты Алаш азаматтарының есімдері халқымыздың жадында мәңгі сақталады.



Шығармалары:

33. Көпейұлы М. Ж. Көп томдық шығармалар жинағы. 11-том. Жиған-тергендер / Көпейұлы М. Ж.; құраст. Н. Қ. Жүсіпов. - Алматы: Ел-шежіре, 2010. - 360 б.
34. Көпейұлы М. Ж. Көп томдық шығармалар жинағы. 10-том. Қазақ шешіресі / Көпейұлы М. Ж.; құраст. Н. Қ. Жүсіпов. - Алматы: Ел-шежіре, 2010. - 400 б.
35. Джумагалиева Куляш Валитхановна. Развитие соляного промысла в Западном Казахстане в XIX веке: автореф. дис. на соиск. учен. степ. канд. ист. наук: по спец.07.00.02 «Отечественная история» / Джумагалиева Куляш Валитхановна ; Атырауский ГУ им. Х. Досмухамедова. – Атырау, 2010. – 24. [4]
36. Көпейұлы М. Ж. Көп томдық шығармалар жинағы: Абылай хан туралы, аңыз әңгімелер. 9-том. Қазақ тарихы / Көпейұлы М. Ж.; кітапты араб жазуынан ауд., құраст.: Н. Қ. Жүсіпов.- Алматы: Ел-шежіре, 2009. - 352 б.
37. Көпейұлы М. Ж. Көп томдық шығармалар жинағы. 8-том. Қазақ тарихы / Көпейұлы М. Ж.; кітапты араб жазуынан ауд., құраст.: Н. Қ. Жүсіпов.-

- Алматы: Ел-шежіре, 2008. - 312 б.
38. Көпейұлы М. Ж. Көп томдық шығармалар жинағы. 7-том. Халық ауыз әдебиеті: ақындар туындылары / Көпейұлы М. Ж.; кітапты араб жазуынан ауд., құраст.: Н. Қ. Жүсіпов.-Алматы: Ел-шежіре, 2008. - 352 .
 39. Досмухамедұлы Х. Избранные труды: науч. ст. по истории, казахскому языку или литературе, медицине, биологии, природоведению, а также отрывки из учебников. – Астана: Астана полиграфия, 2008. – 400 с.
 40. Букейханов А. Н. Казахи: историко-этнографические труды Букейханов А. Н. 2-е изд, доп. – Астана: Алтын кітап, 2007. – 303 с.
 41. Көпейұлы М. Ж. Көп томдық шығармалар жинағы. 6-том. Қазақ фольклоры, ауыз әдебиет үлгілері / Көпейұлы М. Ж.; құраст. Н. Қ. Жүсіпов.- Алматы: Ел-шежіре, 2006. - 296 б.
 42. Көпейұлы М. Ж. Көп томдық шығармалар жинағы. 5-том. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілері, дастандар / Көпейұлы М. Ж.; құраст.: Н. Қ. Жүсіпов.- Алматы: Ел-шежіре, 2006. - 304 б.
 43. Көпейұлы М. Ж. Көп томдық шығармалар жинағы. 4-том. Өлеңдер, дастандар, аңыз-хикаяттар / Көпейұлы М. Ж.; құраст.: Н. Қ. Жүсіпов.- Алматы: Алаш, 2005. - 336 б.
 44. Көпейұлы М. Ж. Көп томдық шығармалар жинағы. 2-том. Өлеңдер, хикаяттар, дастандар / Көпейұлы М. Ж.; құраст.: Н. Қ. Жүсіпов. - Алматы: Алаш, 2003. - 432 б.
 45. Касымжанова Г. Архив Памяти / Касымжанова Г.; [вступит. ст. С. Козыбаева]. – Алматы: Ғылым, 2003. – 304 с.
 46. Озганбай О. Государственная Дума России и Казахстан (1905-1917) : учеб. пособие / Озганбай О. – Алматы : Арыс, 2000. – 284 с.
 47. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб. 2. XVIII в. н. э.- 1870 гг. / под ред. С. Д. Асфендиярова. - 2-е изд. Алматы: Казахстан, 1998. - 350 с.
 48. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб. 1. V в. до н. э. – XVIII в. н. э. / под ред. С. Д. Асфендиярова, П. А. Кунте. – 2-е изд. – Алматы : Казахстан, 1997. – 383 с.
 49. Антология педагогической мысли Казахстана / [сост. К. Б. Жарикбаев, С. К. Калиев]. – Алматы: Рауан, 1995. – 512 с.
 50. Карпык аль-Чалел. Абай. Наследники. На перепутье / Карпык аль-Халел. – Алматы: Агентство Аль-Халел, 1995. – 304 с.
 51. Асфендияров С. Д. История Казахстана (с древнейших времен): учеб. пособие / Асфендияров С. Д. ; под ред. А. С. Такенова. – 2-е изд. – Алма-Ата: Қазақ ун-ті, 1993. – 304 с.
 52. История Казахстана в лицах : Политические портреты : вып. 1 : учеб. пособие / [под. Ред. В. К. Григорьева, А. К. Кусаинова]. – Акмола, 1993. – 128 с.

Мерзімді басылымдардағы әдебиеттер тізімі:

53. Байділдин, Ш. Азаттық үшін алысқан Алаш партиясы [Мәтін] : [Алаш партиясы жайында] / Ш. Байділдин // Торғай. – 2017. – 13 қаңтар. – Б. 2.
54. Смағұлова, С. Ақпан төңкерісі һәм Алаш жұрты [Мәтін] : [Алаш партиясы, Ақпан төңкерісі жайында] / С. Смағұлова // Егемен Қазақстан. – 2017. – 17 ақпан. – Б. 10.
55. Алаш зиялыларының арманы [Мәтін] : [«Қарқаралы құзырхаты» жайында] / А. Несіпбай // Қостанай таңы. – Б. 5.
56. Айманов, Б. "Алаш ісі" немесе алаштықтардың репрессияға ұшырау тарихы [Мәтін] : [алашорда туралы] / Б. Айманов // Түркістан. - 2014. - 28 тамыз. - Б. 9.
57. Айманов, Б. "Алаш ісі" немесе алаштықтардың репрессияға ұшырау тарихы [Мәтін]: [алашорда туралы] / Б. Айманов // Түркістан. - 2014. - 28 тамыз. - Б. 9.
58. Абетжанова, Э. Алаш деп ұран салған Торайғыровты терең тани алдық па? [Мәтін] : [ақын Сұлтанмахмұт Торғайғыров туралы] / Э. Абетжанова // Ана тілі. - 2013. - 25 сәуір. - Б. 3.
59. Сәбитова, І. Алаш - ұлт ұраны [Мәтін] : [Алаш ұраны және Алаш партиясы] / І. Сәбитова // Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл. - 2013. – № 4. - Б. 7.
60. Біз Алаш идеяларының әлеуетін әлі толық аша алған жоқпыз [Мәтін] : Қазақстанның "Ақ жол" демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашевпен әңгіме / А. Перуашев; әңг. Самат Мұса // Егемен Қазақстан. - 2012. - 21 қараша. - Б. 5.
61. Байділдин, Ш. Азаттық үшін алысқан Алаш [Мәтін] : [" Алаш" партиясы және оның мүшелері жайлы] / Ш. Байділдин // Мәдени мұра. 2011. - № 6. – Б. 68-71.
62. Баянова, Г. Алаш ұлықтаған ұлы идея [Мәтін] : [саяси қуғын - сүргін құрбандарына арналған конференция] / Г. Баянова // Қазақ тарихы. – 2010. - № 6. – Б. 64-65.
63. Байділдина, С. Алаш зиялылары ғылым - білім хақында [Мәтін] : [Алаш және Тәуелсіз Қазақстан: идеялары мен ұстанымдар сабақтастығы халықаралық ғылыми-практикалық конференция] / С. Байділдина // Қазақстан тарихы әдістемелік журнал. - 2009. - № 3. – Б. 3-7.
64. Сәрсекеева, Г. "Алашорда үндесігі - Тәуелсіз Қазақстан сабақтастығы" [Мәтін] : [алашорда үкіметіне 90 жыл] / Г. Сәрсекеева // Біздің Торғай. - 2009. - 2 қаңтар. – Б. 3.
65. Батыр, Д. Алаш ұлы [Мәтін] : [алаш ардагері Мұхамеджан Тынышбаев туралы эссе] / Д. Батыр // Әдебиет айдыны. - 2008. - 6 қараша. – Б. 10. 63.
66. Берлібаев, Б. 1905 - 1907 жылдардағы төңкеріс қазаққа не берді? [Мәтін] : [Алашорданың 90 жылдығына байланысты] / Б. Берлібаев // Парасат. - 2008. - № 8. – Б. 8-10.
67. Мүсіреп, Ғ. Алаш рухын аңсап жүрмін [Мәтін] : [ұлт мүддесін

- қорғайтын партия] / Ғ. Мүсіреп / Егемен Қазақстан. – 2000. - 2 ақпан. – Б. 2.
68. Абдуллина, А. Алаштан қалған алыс мұра [Мәтін] : [қазақша - орысша тілмаш " сөздігі туралы] / А. Абдуллина // Шамшырақ - (Арқалық хабары газетінің қосымшасы). - 2006. - наурыз . – Б. 2.
69. Байділдин, Ш. Азаттық үшін алысқан Алаш партиясы [Мәтін] : [Алаш партиясы мен Алашорда қозғалысының 90 жылдығына] / Ш. Байділдин // Арқалық хабары. - 2008. - 29 тамыз. – Б. 4.
70. Сақалқажы, С. Ұлыс, Алаш, Хан, Қазақ [Мәтін] : ["қазақ", "алаш" атаулары туралы] / С. Сақалқажы // Қазақ әдебиеті. - 2008. - 23 желтоқсан. – Б. 50-51.
71. Есенқарақызы, Х. Алаш тағылымы және тәуелсіздік [Мәтін] : [Алаш - Ордаүкіметінің құрылғанына 90 жыл толуына орай] / Х. Есенқарақызы // Әдебиет айдыны. - 2007. - 27 желтоқсан. – Б. 3.
72. Әбсадықов, А. Ұлттың саяси да, рухани көсемі [Мәтін] : [Алаш ұраны және Алаш партиясы] / А. Әбсадықов // Жас өркен Қостанай. - 2005. - №1. – Б. 4 - 7.


Алаш партиясының қайраткерлері



«Алашқа айбын болған арыстар»

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Ғасыр басындағы мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда ұлттық жігер мен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ. Жүз жылдықтың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының жеке басының қасіретімен қатар өрілген қызметі өзінің бірегей құбылыс ретіндегі тұжырымды деңгейімен ғана емес, азаматтық һәм адамгершілік деңгейімен де осы заманмен үндес», - деп ерекше бөліп көрсеткен еді.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (1866 – 1937)



Алты алаштың ардағы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан 1866 жылы 25 наурыз айында бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының 7-ші ауылында дүниеге келген.

Қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы, Орта жүз ханы Бөкейдің ұрпағы. Ата тегі: Бөкей – Батыр – Мырзатай – Нұрмұхамед - Әлихан. Жасынан зерек, алғыр өскен баласын әкесі Қарқаралыға алып барып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ ол молданың қолынан оқуды қанағат тұтпай, қаладағы үш сыныпты бастауыш мектепке ауысады. Оны бітіргеннен кейін 1879-86 жылы Қарқаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепте оқыды. 1886-90 жылы Омбыдағы техникалық училищеде оқып, оны «техник» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1890-94 жылдары Санкт-Петербургтегі Орман институтының экономика факультетінде оқыды. Әлихан Бөкейхан Ресей жандармерия басқармасының назарына ілігіп, «саяси сенімсіздердің қара тізіміне алынды». Омбыдағы орман училищесіне математика пәнінен оқытушы болып орналасты. Социалистік бағыттағы «Степной край» газетінің редакция алқасы құрамына енді.

1896-1903 жылдары Щербина экспедиция жұмысына қатысты. Ол қазақ даласын отарлау саясатына білек сыбана кіріскен патша өкіметімен күрес жүргізу үшін, қазақ жұртының басын біріктіруді, орыс қоғамының ішінде ресми билікке қарсы тұрған саяси күштерге сүйенуді алға тартты.

Сөйтіп ол жиырма жасында Дала генерал губернатор кеңсесінің ұсыныс хаты мен қазақ қауымдастығының 200 сом стипендиясын алып, 1894 жылы Ресей империясының елордасы Санкт-Петербургке барып, Орман шаруашылығы институтының экономика факультетіне түседі. Ол мұнда жүріп күнделікті сабақтарына қоса студенттердің саяси, әдеби, экономикалық және тағы басқа үйірмелердің жұмысына қызу араласып, студенттік толқуларға қатысады. Оны

екі ғасырға жуық Ресей империясының қол астында отырған халқының ауыр тағдыры қатты толғандыра бастайды. Қараңғылық пен надандықтың шырмауында отырған халқына білім мен мәдениет керек екенін ұғады, елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді өзінің алдына мақсат етіп қояды.

Қоғамдық-саяси әрекеттері

Оқуын бітіріп, Омбыға оралғанда Ә. Бөкейхан Ресей империясының қазақ даласына жүргізген отаршылдық саясатына деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, марксизмнің экономикалық қағидаларымен қаруланған, саяси астыртын күрестің түрлері мен әдістерін үйреніп, білген, күрес тартыстан біршама тәжірибесі бар саяси күрескер болатын. Ол Омбыға келісімен қаланың саяси әлеуметтік, қоғамдық жұмысына белсене араласады.

«Народная свобода» (Халық бостандығы) партиясының қатарына өтіп, өзі қазақ зиялылары мен саяси белсенділерінің арасында осы партияның шағын тобын ұйымдастырады. Әлиханның саяси көзқарасының пісіп-жетілуіне, кейін белгілі саяси, қоғам, мемлекет қайраткері әрі қазақ ұлт-азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы және көсемі ретінде танылуына, саяси күрескер ретінде шыңдалуына Омбыдағы күндері ерекше ықпал етеді.

1905 жылдан бастап Ресей конституциялық-демократиялық партиясының (кадеттер) мүшесі, оның қазақ бөлімшесін құру мақсатында Оралда, Семейде жиындар өткізген. Қарқаралыда патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы өткен қозғалысқа қатысып, 14 500 адам қол қойған Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың бірі болған.

1905 жылы Әлихан Бөкейхан Семей облысы қазақтарының атынан 1-ші Мемлекеттік думаға депутат болып сайланды. Бірақ ол 1-ші Мемлекеттік дума жұмысына қатыса алмады. Өйткені, Ә. Бөкейхан өз жұмысын бастаған кезде Дала өлкесі генерал-губернаторының негізсіз жарлығымен, соттың тергеуінсіз 3 ай Павлодар абақтысында отырды.

Абақтыдан шығып Санкт-Петербургке жеткенде, Дума патшаның үкімімен таратылып, оның біраз мүшелері наразылық актісін қабылдау үшін сол кездегі Финляндияның Выборг қаласына жүріп кеткен еді. Ә.Н. Бөкейхан да солардың артынан аттанып, Выборг үндеуіне қол қойды. Сол үшін жазаға тартылып, Санкт-Петербург сот палатасының төтенше мәжілісінің шешімімен 3 айға Семей түрмесіне жабылды.

1906 жылы Омбыдан шығатын кадеттік «Голос степи», «Омичь» және «Иртышъ» газеттерінде; 1908 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген меньшевиктік «Товарищъ», кадеттік «Речь», «Слово» газеттерінде редакторлық қызмет атқарды.

1909-17 жж. «Дон егіншілік банкі» бөлімшесінде жұмыс істеді.

1911-14 «Қазақ» газетін ұйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуіне зор еңбек сіңірді.

20 ғасырдың басында қазақ даласында екі ағымның болғаны белгілі. Бірі Бұқар мен Түркістан өлкесіне бет бұрған дәстүршіл, панисламшыл ағым, екіншісі негізінен Батыс өркениетін үлгі тұтқан жаңашыл, пантүркішіл ағым. Осы екінші ағымның басында Әлихан бастаған орыс мектептерінен тәлім-тәрбие алған озық ойлы қазақ зиялылары тұрады. Бұл топ саяси ұстамдылық

танытып, Ресей империясына қарсы ашық күреске шығудың әлі ерте екенін анық түсінеді. Сондықтан олар, ең алдымен, халықтың сана сезімін оятатын жағдай жасау керек деп білді.

Бар күш-қуаттарын осы мақсатқа жұмылдырады. Бірақ олардың ойдағыдай жұмыс істеуіне жандармерия басқармасының жансыздары мүмкіндік бермейді. Солардың көрсетуімен қуғынға түседі, түрмеге қамалады. Бұдан студент



кезінде-ақ сенімсіздердің кара тізіміне ілігіп, бақылауда жүрген Әлихан да тыс қалған жоқ, алдымен, Семей түрмесіне қамалып, кейін Самар қаласына жер аударылып, онда тек ғылыми-шығармашылық қызметпен айналысуға ғана мәжбүр болды.

1916 жылы жер аудару мерзімі бітіп, Самардан Орынборға келген Әлихан бірден қаланың қоғамдық, саяси өміріне араласып кетеді. Қаланың қазақ тұрғындары атынан қалалық думаға сайланады.

Бүкіл мағыналы өмірін халқының азаттық алып, еркін ел болуына арнаған аяулы азаматтың соңғы демі біткенше сол мақсат жолында жасаған қызметі сан қилы. Ол Ресей жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің делегаты, Ресейдің I Мемлекеттік думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, IV Мемлекеттік Думаның мұсылмандар фракциясының Бюро мүшесі болды.

Ә. Бөкейханның Жаза кесімі

Ол Ақпан төңкерісінен үлкен үміт күтеді. Бірақ ол үміті ақталмайды. Уақытша үкімет, оның ішінде өзі мүшесі болып жүрген кадет партиясының көсемдері қазаққа автономия беруге қарсы болады. Оның үстіне олармен жер мәселесі жөнінде де ымыраға келе алмайды да, ол бұл партиядан шығып, қазақтан



сайланған тоғыз өкілді бастап барып, Томск қаласында Сібір автономистерінің құрылтайына қатысады. Осында болашақ Сібір республикасының құрамында Қазақ автономиясы құрылмақ болады.

Құрылбайдан оралысымен Әлихан қазақ тарихындағы тұңғыш саяси

ұйым Алаш партиясын ұйымдастыруға кіріседі. Артынша, 1917 ж. желтоқсанында Екінші жалпықазақ съезі Алаш автономиясы жарияланып, Ә. Бөкейхан сол алғашқы Қазақ республикасының тұңғыш төрағасы (президенті) болып сайланады.

Ә. Бөкейханның қуғын-сүргін кезеңінен 2 жыл алдындағы мен ату жазасының күніндегісі.

1919 жылы большевиктер өкіметінің бұрынғы алашордашыларға жасаған кешірімнен кейін Ә. Бөкейхан қалған өмірін ғылыми зерттеушілікке арнады.

Бірақ, ұлттық намыстан жүрдай, жалған интернационалист, жадағай белсенділердің көрсетуімен ол 1926 жылы екі рет тұтқындалып, түрме азабын



тартты. Әлихан Бөкейхан Мәскеуге жер аударылады, зор беделінен қорыққан большевиктер өкіметі оны Қазақстанға жолатпады. Онда он жыл үй қамауында отырған Әлиханды 1937 жылы тамызында қайыра тұтқындап, бір айдан кейін жалған жаламен 71 жасында Мәскеуде ату жазасына кеседі. 1989 жылы 14 мамырда КСРО Жоғарғы сотының қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан ақталды.

Әлихан Бөкейхановтың күлі көмілген Дон шіркеуіндегі бауырластар зираты.

Шығармалары:

73. Бөкейханов С. Өткен күнде белгі бар / Бөкейханов С. - Алматы: Жібек жолы, 2008. - 160 б
74. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. 1-кітап / Бөкейхан Ә. - Алматы: Өлке, 2002. - 248 б.

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдар:

75. Тоқтарбай, Е. Тәлкекті тағдыр [Мәтін] : [профессор Зейнеп Әлиханқызы Бөкейханованың ашқан ғылыми жаңалығы] / Е. Тоқтарбай // Қазақ. – 2017. – 6-27 қаңтар. – Б. 12.
76. Әлихан Бөкейханның Ахмет Байтұрсынұлына жазған хаты [Мәтін] : [ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан туралы деректер] // Парасат. – 2016. - № 9. – Б. 1-2.
77. Бәкір, Ә. Ұлт ұлы [Мәтін] : [алаш қайраткері Әлихан Бөкейханов жайында] / Ә. Бәкір // Егемен Қазақстан. – 2016. – 5 наурыз. – Б. 9.
78. Әбдіжәлел, Б. Уәде үдесінен шыққан Ұлы тұлға [Мәтін] : [қоғам қайраткері Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов туралы] / Б. Әбдіжәлел // Қостанай таңы.- 2016. - 5 сәуір. - Б. 7.
79. Қамзабекұлы, Д. Әлихан Бөкейхан: "Тізе қосып отырған 5 миллион қазақ" [Мәтін] : [ұлт зиялыларының жауапкершілігі туралы] / Д. Қамзабекұлы // Егемен Қазақстан. - 2016. - 20 сәуір. - Б. 9.
80. Кемеңгер, Қ. Қошке Кемеңгерұлы мен Әлихан Бөкейхан [Мәтін] : [алаш арысы Әлихан Бөкейханов жайында] / Қ. Кемеңгер // Қостанай таңы. - 2016. - 27 сәуір. - Б. 6.

81. Кәрімхан, З. Әлихан Бөкейхан және бүгінгі тәуелсіздік [Мәтін] : [мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейханов туралы] / З. Кәрімхан // Қазақ үні. - 2016 . - 31 қазан. - Б. 6.
82. Байділдин, Ш. Әлихан Бөкейханов соңғы рет Қасым қыстауында тұтқындалған [Мәтін] : [қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханов туралы] / Ш. Байділдин // Арқалық хабары. - 2014. - 4 сәуір. - Б. 8.
83. Дулатбеков, Н. Алты Алаштың айбыны [Мәтін] : [ұлт көшбасшысы Әлихан Бөкейхан туралы] / Н. Дулатбеков // Қазақ. - 2014. - 15-19 тамыз. - Б. 5.
84. Аққұлұлы, С. Ұлт көсемі Әлихан неге шетелге кетпеді? [Мәтін] : [Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейхан туралы] / С. Аққұлұлы // Мәдени мұра. - 2014. - № 1-2. - Б. 55-59.
85. Бөкейхан, Ә. Саяси көзқарас, халық азаттығы үшін күрес, алашорда үкіметі [Мәтін] : [Алашорда үкіметі, алаш қайраткерлері туралы] / Бөкейхан Әлихан, Шоқаев Мұстафа // Айқап. - 2013. - № 1. – Б. 46-70.
86. Көктемұлы, К. Алаштың азаттық аңсаған ардақтысы [Мәтін] : [қоғам және мемлекет қайраткері қатарындағы аса көрнекті тұлға туралы] / К. Көктемұлы // Мөлдір бұлақ. - 2013. - № 1. - Б. 5.
87. Сұлтанов, Ә. Әлихан Бөкейхан және қазақтың экономика ғылымы [Мәтін] : [Алаш партиясының көсемі Әлихан Бөкейханов туралы] / Ә. Сұлтанов // Қазақ. - 2012. - 6-13 қаңтар. – Б. 4-5.
88. Жүнісұлы, О. Адамзаттың Әлиханы [Мәтін]: [қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханов туралы] / О. Жүнісұлы // Қазақ. - 2012. - 26 қазан. - Б. 5.
89. Әлихан Бөкейхановтың туғанына 145 жыл [Мәтін] : [алаш арысы Әлихан Бөкейханов туралы] / Қазақстан ұлттық энциклопедиясынан алынған // Дәстүр. - 2011. - № 2. – Б. 4-5.
90. Жандәулетұлы, Н. Қазақтың Әлиханы [Мәтін] : [алаш қайраткері Ә. Бөкейханов туралы] / Н. Жандәулетұлы // Ана тілі. - 2011. - 10-16 наурыз. – Б. 1, 3.
91. Әлім, Қ. Міржақыптың " мұңы" әлі де көп [Мәтін] : [алаш арысы Міржақып Дулатов туралы] / Қ. Әлім // Түркістан. - 2010. - 9 қыркүйек. – Б. 4.
92. Сүлеймен, Е. "Тірі болсам... қазаққа қызмет қылмай қоймаймын" [Мәтін] : [алаш қайраткері Әлихан Бөкейханов туралы] / Сүлеймен Е // Заң газеті.- 2010. - 1 желтоқсан. – Б. 8.
93. Аққұлұлы, С. Мұрағаттан табылған олжа [Мәтін] : [алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың қоғамдық - саяси қызметі туралы] / С. Аққұлұлы // Абай. - 2009. - № 6. – Б. 56-59.
94. Байділдин, Ш. Әлихан Бөкейханов әулеттері [Мәтін] : [алаш арыстары туралы] / Ш. Байділдин // Арқалық хабары. - 2008. - 30 мамыр. – Б. 5.
95. Кенемолдин, М. Әлихан Бөкейханов және Шығыс алашорда үкіметі [Мәтін] : [Әлихан Бөкейхановтың қоғамдық - саяси қызметке араласуы] / М. Кенемолдин // Абай. - 2008. - № 1. – Б. 32-38.
96. Кенемолдин, М. Әлихан Бөкейхановтың Семейдегі жылдары [Мәтін] : [Әлихан Бөкейхановтың қоғамдық-саяси қызметі туралы] / М.

- Кенемолдин // Абай. - 2008. - № 4. – Б. 83-87.
251. Қажыбаев, Т. Мағжан ақынның соңғы сөзі [Мәтін] : [өлеңдер] / Т. Қажыбаев // Әдебиет айдыны. - 2008. - 16 қазан. – Б. 10.
252. Игілік, С. "Мен өлмеймін, менікі де өлмейді..."[Мәтін] : [ақын Мағжан Жұмабаев атына аудан берілуі мен ескерткіш орнатылуы туралы] / С. Игілік // Жұлдыз. - 2008. - № 8. - 207-208 б.
253. Бейсенова, М. Түркі дүниесі: Мағжан және Фейзуллах - Бей [Мәтін] : [Мағжан өлеңдеріндегі ұлттық болмыс] / М. Бейсенова // Ұлағат. - 2008. - № 2. – Б. 28-34.
254. Ақындар арманының антологиясы [Мәтін] : [өлеңдер] // Қазақ әдебиеті. - 2008. - 12 желтоқсан. – Б. 10-11.
255. Абдрахманов, С. Жиырмамыншы ғасыр жырлайды: қазақ поэзиясының антологиясы. 1-том / С. Абдрахманов - Алматы: Раритет, 2007. - 504 б.
256. Дөкенова, Н. Мағжан Жұмабаев шығармашылығың мектепте оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (5-7,11-сыныптар бойынша): педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Н. Дөкенова - Алматы, 2006. - 26,[2] б.
257. Оспанұлы, С. Міржақып пен Мағжан [Мәтін] : [халықтың жоғын жоқтаған ақын - публицист азаматтар туралы] / С. Оспанұлы // Қостанай таңы. - 2006. - 17 ақпан. – Б. 5.
258. Пірәлиева, Г. Мағжан Жұмабаев – әдебиеттанушы [Мәтін] : [М. Жұмабаевтың әдебиетке деген көзқарасы] / Г. Пірәлиева // Ақиқат. - 2006. - №7. – Б. 66 – 71.
259. Қоянбаева, Қ. Мағжан Жұмабаевтың шығармаларындағы педагогикалық идеяларын жалпы білім беретін мектептің оқу - тәрбие процесінде пайдалану: педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Қоянбаева Қ.; Қоянбаева Құралай - Караганда, 2006. - 29 б.

260. Мауданов, А. Батыр Баян Ноянды неге өлтірді? [Мәтін] : [ақын Мағжан Жұмабаевтың "Батыр Баян" поэмасы туралы] / А. Мауданов // Қостанай таңы. - 2006. - 14 ақпан. - Б. 6.
261. Махметова, А. Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы фразеологизмдер: дәстүр мен жаңашылдық: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / А. Махметова - Алматы, 2006. - 24,[4] б.
262. Есали, А. "Кінәратсыз күнә"[Мәтін] : [ақын Мағжан Жұмабаевтың "Шолпанның күнәсі" әңгімесінің желісінде түсірілген жаңа кино туралы] / А. Есали // Егемен Қазақстан. - 2006. - 7 маусым. - Б. 8.
263. Әбдіманұлы, Ө. Мағжан дастандарындағы азатшыл сарын [Мәтін] : [Мағжан поэмасындағы отаншылдық сезім мен махаббат таразысы] / Ө. Әбдіманұлы // Жалын. - 2005. - № 8. - Б. 60-64.
264. Ысқақұлы, Д. Мағжанның әдеби - танымдық эстетикасы [Мәтін] : [М. Жұмабаев - әлемдік деңгейге көтерілген ақын] / Д. Ысқақұлы // Жаңа Сарыарқа. - 2004. - № 4. - Б. 5-14.
265. Бағыбаева, М. Жұмабаев және ұлт тәрбиесі [Мәтін] : [Жұмабаевтың бала тәрбиесіне байланысты еңбектерінің құндылығы туралы] / М. Бағыбаева // Бала тәрбиесі. - 2004. - № 6. - Б. 8-9.
266. Бағыбаева, М. Жұмабаев және ұлттық тәлім-тәрбие [Мәтін] : [азамат алдында тұратын ұлы мұрат - саналы ұрпақ тәрбиелеу] / М. Бағыбаева // Ұлағат. - 2004. - № 5. - Б. 39-42.
267. Сыдықова, Ж. Мағжан лирикасы - өзгеше әлем [Мәтін] : [қазақ әдебиетінің ХХ ғасыр басындағы жарқын жұлдыздарының бірі - М. Жұмабаев туралы] / Ж. Сыдықова // Қазақстан мектебі. - 2003. - № 6. - Б. 72-74.
268. Ізтілеуова, С. Мағжан үні [Мәтін] : [қазақ поэзиясында ерекше үні, қайталанбас өрнегі бар Мағжан өлеңдері тәңірге сыйынудан басталады] / С. Ізтілеуова // Ақиқат. - 2003. - № 9. - Б. 56-58.
269. Сабирова, Ж. М. Жұмабаевтың психологиялық көзқарастары [Мәтін] : [Мағжан Жұмабаевтың психологиялық көзқарастарына қысқаша анализ] / Ж. Сабирова // Ұлағат. - 2002 - № 2. - Б. 20-26.
270. Сеңкібаев, С. Мағжан Жұмабаевтың тәрбиелік ілімі - ғасырлар тоғысында [Мәтін] : [Мағжан ілімі қазақ педагогикасының алтын қоры] / С. Сеңкібаев // Ұлт тағылымы. - 2002. - № 2. - Б. 165-169.
- Кәкішұлы, Т. Матасқан тағдырлар [Мәтін] : [жазушылар Сәкен, Мағжан, Сәбит туралы] / Т. Кәкішұлы // Парасат. - 2000. - № 2. - Б. 2-5

271. Тұрғынбекұлы, С. Мағжан мұнды ой ақыны [Мәтін] : [Мағжан Жұмабайұлының туғанына 100 жылдығына орай] / С. Тұрғынбекұлы // Ақиқат . - 1993. - № 8. – Б. 83.
272. Дәрімбетов, Б. Жүрегі таза, ойы азат [Мәтін] : [ақын Мағжан Жұмабаев туралы бір үзік сыр] / Б. Дәрімбетов // Жалын. - 1989. - № 2. – Б. 28-31.

Нәзір Төрекұлов (1892-1937)



Нәзір Төрекұлов 1892 жылы Түркістан қаласының Қандөз елді мекенінде дүниеге келді. Нәзір сегіз жасқа келгенде Қоқан қаласындағы медресенің табалдырығын аттады. Оны аяқтаған соң Қазан қаласындағы орыс-түземдік мектепте, коммерциялық училищеде дәріс алды. 1913 жылы Мәскеу коммерциялық институтының экономика факультетіне түсті., 1916 жылдан бастап Н. Төрекұлов қоғамдық өмірге араласа бастады. Еңбек жолын Минск қаласының түбіндегі батыс майдандағы «Жеродағы» қоғамының нұсқаушысы болып бастаған соң «Еркін дала» ұйымының жетекшісі, «Қазақ мұңы», «Халық сөзі» газеттерінің, «Ағарту және Коммунистік

мәдениет жаршысы» журналының редакторы болды.

1918-1919 жылдары – Ферғана облыстық революция комитетінің төрағасы, 1920 жылы Түркістан Республикасының ағарту комиссары қызметінде болды. 1920-22 жылдары Түркістан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы болып сайланды. Сондай-ақ 1922 жылы КСРО халықтары баспасөзі орталық басқармасының төрағасы, жаңа түрік альфавитін жасау комиссиясының төрағасы болып қызмет етті. 1928 жылы Н. Төрекұлов Сауд Араб еліне КСРО-ның бас консулы болып аттанды. 1932-36 жылдар аралығында КСРО-ның Сауд Араб мемлекетіндегі өкілетті елшісі қызметін атқарды. 1936-37 жылы Мәскеу және Ленинградтағы Шығыс халықтары институтының ғылыми қызметкері, оқу бөлімі жөніндегі проекторы болды. 1937 жылдың 15 шілдесінде Төрекұлов абақтыға жабылды. Сол жылдың 3 қарашасында ату жазасына кесіліп, сол күні-ақ атылды. 1958 жылы КСРО Жоғарғы сотының әскери коллегиясының шешімі бойынша ақталды.

Шығармалары:

273. Мансұров Т. Нәзір Төреқұлов - кеңес одағының сауд арабиясындағы елшісі / Мансұров Т. А.; ауд.: Ә. Амангелді, Г. Қабыланова. - Алматы: Зерде, 2011. - 640 б.
274. Төреқұлов Н. Шығармаларының көп томдық жинағы. 1-том. Зерттеулер, мақалалар / Төреқұлов Нәзір; алғы сөзін жазғ.: Р. Бердібай. - Алматы: Ел-шежіре, 2007. - 256 б.
275. Төреқұлов Н. Шығармаларының көп томдық жинағы. 2-том. Доклады, выступления, письма / Төреқұлов Нәзір; алғы сөзін жазғ.: Р. Бердібай. - Алматы: Ел-шежіре, 2007. - 240 б.
276. Мансұров Т. Нәзір Төреқұлов: ғұмырнамалық деректі хикаят / Мансұров Т. А. - Алматы: Қазақстан, 2007. - 240 б.
277. Төреқұлов Н. Қазақтың би-шешендері. 1-2 кітап / Төреқұлов Н., Қазбеков М. - Алматы: Жалын, 1993. - 400 б.
278. Жолдасбеков М. Тоқсан толғау: деректі ғұмырнамалық эссе / Жолдасбеков М., Төреқұлов Нәзір. - Алматы: Өнер, 1992. - 232 б.
279. Төреқұлов Н. Төле би: биліктері, толғаулары, тапқырлықтары, шешендік сөздері, өсиеттері / Төреқұлов Н. - Алматы: Дәуір, 1991. - 31 б.
280. Төреқұлов Н. Жүз жасаған бәйтерек / Төреқұлов Н. - Алматы: Жалын, 1989. - 240 б.
281. Дастан-ата: Жамбыл Жабаев туралы естеліктер / құраст.: Н.Төреқұлов. - Алматы: Жазушы, 1989. - 416 б.
282. Төреқұлов Н. Қырық хикая: деректі әңгімелер / Төреқұлов Н. - Алматы: Жалын, 1985. - 196 б.
283. Әзірбаев К. Екі томдық таңдамалы шығармалар. 1-том. Өлеңдер, терме, толғаулар / Әзірбаев К.; құраст.: Н. Төреқұлов, Б. Әзірбаев. - Алматы: Жазушы, 1984. - 360 б.
284. Төреқұлов Н. Жамбыл мен Кенен: творчестволық этюдтер / Төреқұлов Н. - Алматы: Жалын, 1978. - 128 б.
285. Төреқұлов Н. Қанатты сөздер / Төреқұлов Н. - Алматы: Жазушы, 1977. - 236 б.
286. Төреқұлов, Н. Нақыл сөздердің тәрбиелік мәні: мұғалімдерге көмекші құрал / Төреқұлов Н. - Алматы: Мектеп, 1971. - 120 б.

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдар:

287. Әлмашұлы, Ж. Халқы қасиеттеген қос қайраткер [Мәтін] : [қоғам қайраткерлері Нәзір Төреқұлов пен Сұлтанбек Қожанов туралы мәлімет] / Ж. Әлмашұлы // Қазақ үні. - 2013. - 22 қаңтар. - Б. 14-15.
288. Салықов, К. Ерен ердің еңселі ескерткіші [Мәтін] : [Тайыр Мансұровтың Нәзір Төреқұловқа арналған кітаптары туралы] / К.

- Салықов // Егемен Қазақстан. – 2005. - 23 желтоқсан. – Б. 3
289. Дүйсенов, С. Нәзір Төрекұлов – мәмілегер [Мәтін] : [XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ халқының кеңестік дәуіріндегі тарихында ерекше орын алған, халқымызды әлемге танытқан жарқын тұлғалардың бірі - Нәзір Төрекұлов] / С. Дүйсенов // Қазақ тарихы. - 2002. - № 5-6. – Б. 3.
290. Ақтаев, С. Тұңғыш елшінің тұңғышы [Мәтін] : [Нәзір Төрекұловтан қалған жалғыз перзент Мәскеуде тұрады] / С. Ақтаев // Егемен Қазақстан. – 2002. - 24 тамыз. .
291. Мұса, С. Қазақтан шыққан кеңестік тұңғыш елші [Мәтін] : [Нәзір Төрекұлұлының жазбаларының жинағы жарық көрді] / С. Мұса // Егемен Қазақстан. – 2000. - 25 қазан. – Б. 7
292. Ысқақұлы, Д. Алты Алаштың ардақтысы [Мәтін] : [алаш арысы Нәзір Төрекұлұлы жайында] / Д. Ысқақұлы // Қазақ елі. – 1999. - 17 қазан.
293. Боранғалиұлы, Т. Оқысаң, ойды оятар [Мәтін] : [алаш арысы Нәзір Төрекұлұлының шығармалары жайында] / Т. Боранғалиұлы // Егемен Қазақстан. – 1997. - 21 қараша
294. Ысмайылұлы, Ы. Нәзір не үшін атылды? [Мәтін] : [мемлекет қайраткері, дипломат Нәзір Төрекұлұлы туралы] / Ы. Ысмайылұлы // Егемен Қазақстан – 1997. - 25 маусым.
295. Батырашұлы, С. Сан қырлы талант [Мәтін] : [мемлекет қайраткері, дипломат Нәзір Төрекұлұлының туғанына 100 жыл] / С. Батырашұлы // Егемен Қазақстан – 1992. - 26 желтоқсан.

«Алаш арыстары және әдебиет»

Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің тарихы дәл бүгін де жан-жақты зерттеліп, тиянақталған жоқ. Өткен ғасырдың аяқ шенінде өмірге келген К. Нұрпейіс, М. Қойгелдиев, Д. Аманжолова, Т. Омарбеков, Р. Нұрмағамбетова және басқа да тарихшылардың зерттеулері Алаш қозғалысының мән-жайын жаңа сапада пайымдауға мүмкіндік берді.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің басты нысанасы «зар заман» идеясы,



XX ғасырдың бас кезіндегі көркемдік дамуда өзгеше сипатқа иеленді. Бұл ретте М. Әуезовтің 1925 жылы жазған «Әдебиет тарихы» оқулығындағы ойларға тоқталсақ: «Жазба әдебиетте Абайдан соң аты аталатын – «Қазақ» газеті.



«Қазақ» газетінің мезгілі әдебиетке ұлтшылдық туын көтерген мезгілімен тұстас. Ол уақыт қазақ жұрты 1905 жылдың өзгерісін өткізіп, ел дертінің себебін ұғып, енді қазақты оятып, күшін бір жерге жиып, патша саясатына қарсылық білдіруге жұмылған кезі еді. Әдеби дамуға қосылған М. Дулатовтың «Оян, қазақ!», А. Байтұрсыновтың «Маса», Е. Бұйринның «Ызың», Б. Ержановтың «Тұр қазақ», М. Көпеевтің «Сарыарқаның кімдікі екендігі»

кітаптары ұлттық оярудың шырқау шыңы болды. Шәкәрім мен Сұлтанмахмұт шығармалары жалпыұлттық идеяның қазақ халқына қанатымен су сепкен қарлығаштай қызмет жасады.

Шәкәрім Абайдың туысы, інісі бас шәкірті. Ол ақын, сазгер, жазушы, философ, тарихшы, аудармашы, көсем сөздің шебері, Алаш ұранды әдебиеттің өкілі.

Мен жетелеп өлемін,
Өрге қарай қазақты.
Өлсем де ойын бөлемін,

Сөзбен салып азапты, - деп алдына биік мақсат қоя ұмтылған ақын төңкерістен соң Алашорда үкіметінің жұмысына араласқан. 1917 жылы желтоқсанда Орынборда өткен екінші жалпы қазақ сиезіне арнайы шақырылған. Шәкәрім Алашорда үкіметінің қазысы, яғни биі болып сайланған. Білімі терең, ақылы кәміл, табиғатынан әділ, парасаты биік Шәкәрімге көрсетілген құрмет деп ұғыңыз.

«Алаш ұраны» - Алашорданың гимні. «Алаш ұраны – «Алаш» партиясының, адамзат баласының көзі көріп, құлағы естімеген өзгерістерді өткеріп жатқан қазақтың ұраны еді. Сұлтанмахмұт – елін емірене, жұртыен тебірене сүйген ұлтжанды азамат. «Алаш ұраны» - 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін жазылған шығарма.

1917 жылдың 20 наурызында Петроградтан Әлихан, Мұстафа, Міржақып «Алаш ұлына» атты мақала жолдап, онда: «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бүгін теңелдік. Неше ғасырдан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз үкімет өзгеге қазған оры өзіне көр болып, қайтпас сапарға кетті. Осы қуаныш лебі С. Торайғыров өлеңінде де жалғасқан. «Алаш ұранындағы»:

Құрт аурудай жайлаған,
Құртпаққа бізді ойлаған,
Қанымызға тоймаған,
Қолымызды байлаған,
Елімізді лайлаған,

Ерімізді айдаған,
Жерімізді шимайлаған,
Өшті залым қарасы

Жасасын, алаш, жасасын! – деп ақынның жігерлене жыр кестелеуі сол заман ақиқатын көз алдымызға елестетеді.

«Таныстыру» поэмасы Алашорда басшыларын дәріптейтін, ал «Айтысы» байшылдық-ұлтшылдық пиғылды әспеттейтін зиянды шығармалар деген ат қойылып, тұтқындық күй кешті. Әдебиет тарихындағы ақтаңдақтар жойылып келе жатқан бүгінгі таңда «Таныстыру» мен «Айтысты» қалың оқырман қауымға қайтармау С.Торайғыров шығармашылығына қиянат. «Таныстыру» 1917 жылдың күзі мен 1918 жылдың қысында Сұлтанмахмұт Абай елінде болған кезде жазылған. Ақпан төңкерісінен кейін Орынборда Советтердің Бүкілқазақстандық I сиезі, сол жылдың желтоқсанында тағы да II өтті. Қазақстан облыстарында қазақ комитеттерін сайлауға қызу дайындық жүріп жатты. Семей облысы қазақтарының сиезі 1918 жылдың 14 наурызында белгіленді. Төңкерістен соң елді жаңа жолға бастайтын азаматтар кімдер деген сұрақ тұрды. С. Торайғыровтың «Таныстыру» поэмасы осы сауалға жауап бергендей еді.

Туғанда құдай иіп мұндай заман,
Сұрайтын бір сөзім бар сенен балам.
Тап біздің осы Семей облысының
Көш басшы адамдарын айтшы маған.
Біз дағы жоспарлайық өзімізше,
Десе де түк білмейтін қазақ надан.

Қара қазақ сауалы. Шындығында заман өзгеріп, уақыт аумалы-төкпелі қалыпта тұрғанда болашағын ойлайтын әр адамның қоюға тиісті сауалы.

Поэмада қазақтың кемеңгер ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлы ерекше ілтипатпен, үлкен сый-құрметпен оқырман қуанышына бөленіп жырланады:

Ерте оянған кісінің біреуі осы,
Бұл жұрттың түзеймін деп антұрғанын.
Бір жолмен Байтұрсынов, Бөкейханға,
Ақсақал бола алғандай осы кәрің...

Шәкәрім барша қазақтың күллі адамзаттың ынтымағын көксегке, ақылшы, ойшы бейнесінде көрінеді. С. Торайғыров Шәкәрімді жасы үлкен ақсақал ғана емес, терең тамырлы қайраткер, тұңғыш ойлы ғалым, қазақ көркем ойының кемел суреткері дәрежесінде қабылдайды.

Нәзипа Құлжанкеліні мен Нұрғали Құлжанұлына «Таныстыруда» лайықты орын берілген. Ерлі-зайыпты Құлжановтар қазақ мәдениетінің тарихында мәңгілік із қалдырды.

Поэмада басқа да көптеген адамдар аталады. Нақты айтқанда, Мұқыш Поштайұлы, Әнияр Молдабаев пен Иманбек Тарабаев, Жақып Ақбайұлы, Биахмет Сәрсенов т.б.

«Таныстыру» - С. Торайғыровтың поэма жанрындағы тұңғыш талпынысы. Ақын уақыт талабына жедел жауап беріп, төңкеріс пен оның

мәнін, бағыт-бағдарын ажырата алмай дел-сал күй кешкен жұртына елдікке бастар азаматтарын, әдеби жайнаған тілмен таныстыра білген.

Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен Ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығына орай «Торғай даласы-ұлт-азаттық көтерілісінің күретамыры» тақырыбында Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді. Конференцияда жергілікті Арқалық қаласындағы дала өлкесі тарихи облыстық мұражайының ғылыми қызметкері **Сағынтаев Батырлан Жұмабайұлы** деректер жинауда өз үлесін қосты.

Ол «**Алаш ұранды әдебиет және Торғай ақындары шығармашылығындағы Алаш идеясы**» тақырыбында баяндама жасады. Осы баяндамаға тоқтала кетейік.

Торғай ақындық мектебі өкілдерінің шығармашылығындағы азаттық идеясының көпшілігі Алаш идеясымен ұштасып жататындығына тоқталып, тіпті бұл екеуін бір санатқа жатқызуға болатындығын атап өтті. Себебі ХХ ғасырдың бас кезінде пайда болған Алаш қозғалысының ең басты мақсаты қазақ халқының еркіндігіне қол жеткізу болатын. Сол жолда қанша қиындықты көрсе де Алаш қозғалысының мүшелері алған бетінен қайтпай ұлт еркіндігі үшін күресе берді, соңында кеңес үкіметінің озбыр саясатының құрбаны болды. Сол Алаш қозғалысының

мүшелерінің ішінде Торғай өңірінен шыққан көптеген тұлғалар болды. Басы Ахмет пен Міржақыптан басталатын бұл тізімді Сейдазым Кәдірбаев, Кәрім Тоқтабаев, Қазгелді Қарпықов, Ахметсапа Жүсіпов, Елдес Омаров, Нұрғали-Нәзипа Құлжановтар, Ахмет, Ғазымбек Бірімжановтар деп жалғастыра беруге болады. Торғай өңірінен мұншалықты көп Алашордалықтардың шығуы осы өңірдегі ақындардың шығармашылығына әсер етпей қоймады. Торғай өңірінен шыққан ақындардың туындыларында Алаш идеясының кеңінен өріс алды. Осы бір ретте тағы бір айта кететін ерекшелік бар. Бұл Торғай ақындарының Алаш идеясына тигізген әсері. Мүмкін мұндай мәселені айтуымыз кейбір зерттеушілеріміздің көңілінен шықпауы да мүмкін. Бірақ Алаш қозғалысының Торғай ақындарына тигізген әсері сияқты, олардың да Алаш қозғалысының дамуына тигізген өз әсері бар. Мысалы аталған ақындық мектептің көрнекті өкілдері Сейдахмет Бейсенұлы, Жұмабай Шалабайұлы, Есенжол Жанұзақұлы, Әбіқай Нұртазаұлы, Қарпық Шолақұлы сияқты ақындар Ахмет Байтұрсынұлының әдебиетке қадам басқандағы ең алғашқы ұстаздары еді. Сонымен қатар осы ақындық мектепті ары қарай дамытқан Файзолла Сатыбалдыұлы, Әлмағамбет Оспанұлы, Құбаша Шалбайұлы, Бәлдік Байтоғаев, Алтыбас Ақмолда, Уәлі Баспақұлы секілді ақындар Ахаң-Жақандармен пікірлес, ниеттес болған ақындар.

ХХ ғасырдың басында пайда болған Алаш қозғалысының ең көрнекті өкілі – Ахмет Байтұрсынұлы. Тұтас буынның төл басы болған Ахмет ұлт азаттығы жолында күрестің басшыларының бірі болды.

Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығына тоқталсақ. Қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан соқпақ, орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсұнады. Жаңа өлеңдік форма мысал

арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы – жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крылов туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургта бастырып шығарды. Ақынның «Қырық мысалдағы» туындылары қазақтың жанына жақын суреттерді алып қарастырып, аудармаларды халықтың өзінің қанына сіңген қара өлеңі секілді төл туындысы етіп шығарған. Ахмет бұл аудармаларында түпнұсқадағы сюжеттерді сақтағанымен, қазақ ұғымына сай ету үшін еркіндік басым. Ақынның жасаған аудармаларының көлемі өзінің түпнұсқа қалпындағыдан көлемдірек болып шығып отырған. Бұл Байтұрсынұлының өзі жасаған аудармаларда бұрынғы желіні сақтай отырып оған жаңа ойларды қосып қазақы төл туынды етіп шығарғанын көрсетеді.

Торғай өңірінен шыққан Алаш арыстарының арасынан есімі Ахметпен бірге аталатын тұлға - Міржақып Дулатұлы. Міржақып патша отаршылдығына қарсы шығып, жер мәселесін, дін мәселесін көтерген қазақтың зиялы қауымының алдыңғы қатарынан орын алды. Ұлтты ояту ісінде аянбай қызмет еткен ақын Алаш қозғалысының барлық істеріне өзінің өшпес ізін қалдырған. Ұлттың азаттығы үшін керек десеңіз қолына қару алып күрескен Міржақыптың әдебиеттегі орыны да ерекше.

Міржақып Дулатұлының есімін тұтас түркі дүниесіне жайған еңбегі – «Оян, қазақ» атты кітабы. Бұл қазақ тарихындағы ең көп қудаланған шығармалардың бірі. Алғаш рет 1909 жылы Уфа қаласында жарық көрген кітап, 1911 жылы Орынбор қаласында қайтадан басылып шықты. Кітаптың екі басылымында патша үкіметі бар мүмкіндіктерін пайдалана отырып жинап алып, жойып жіберуді қатаң қадағалады. Ақынның өзі осы еңбегі үшін қамауға алынды. Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ» кітабындағы барлық шығармаларының сарқып құяр сағасы бір арнаға сияды. Ол – қазақтың мұңы, қазақтың шері, қазақтың кегі. Кітаптың атынан-ақ білінетіндей автор «оян» деген сөзді нысана етіп, алдына биік идеялық мақсат қойған. Тілдік жағынан татар әдебиетінің әсері болғанымен бұл кітап мазмұндық жағынан қазақ халқының бодандықтағы мүшкіл халын көрсетіп берген құнды кітап. Ақын өз шығармаларында ұлтымыздың еркін, дербес мемлекет кезіндегі күндерінен бастап Ресейге отарлыққа түскен уақытқа дейінгі кезеңдерді суреттеп «Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халінен» сыр шертеді. Әсіресе жер мәселесі мен дін мәселесін өткір толғап, қазақты өзге халықтармен салыстыра отырып, артта қалған ел үшін зар төгеді.

Таралып жылдан жылға жер-суымыз

Мұжықтың кетті бәрі қаласына.

Кір жуып, кіндік кескен қайран жерлер

Мұжыққа хош-аман бол барасың да.

Қасиетті бабамыздың зияраты

Қалдың ғой көшесінің арасында.

Шығармаларындағы азаттық тақырыбы мен идеясы Алаш қайраткерлерімен үндес келетін Торғай ақындарының бірі – Файзолла Сатыбалдыұлы. Өмірінің соңына дейін қуғынға ұшыраған ақынның аңсаған арманы, көксеген мұраты – қазақ халқының бостандығы болды. Файзолла

Сатыбалдыұлы Алаштың рухани басшыларының бірі Міржақыптың туған апасынан туған жиені болып келеді. Оның үстіне Ахмет Байтұрсынұлы, Ахмет Бірімжанов, Ахметсапа Юсупов т.б. Торғай өңірінен шыққан алаш азаматтарымен жақын дос болған ақынның ұлттың азаттығын аңсамауы мүмкін емес-ті. Содан да болар Файзолла шығармаларында ұлттың қалпын сақтау үшін Қазақ халқы өз алдына еркін ел болу керек деген идея жиі кездеседі. Өзінің «Халқыма» деген туындысында:

...Ей қазағым, кештің тағдыр күрделі,
Сендей болсын-болса бір ұлт зерделі!
Құрбандығың болар едім жолыңа,

Ел болсаң сен-өз алдыңа іргелі! [Сатыбалдыұлы Ф. Шерлі жылдар, шерулі жылдар. – Қостанай: Баспа үйі, 2004. – 34 б] – деп жырлаған ақын 1928 жылы «Алашордашыл», «ұлтшыл ұйым мүшесі» деген айып тағылып, қамауға алынып, 1929 жылы 14 жылға сотталады. 1935 жылы 14 жылдық түрмеде отыру жазасы жер аударумен ауыстырылған Файзолла Сатыбалдыұлы өзінің туған жеріне 1946 жылы ғана оралған.

Файзолла Сатыбалдыұлының шығармаларында ел үшін күйзелген ақынның жан айқайы жатса да, ол «қиянат кетпес тоқтаусыз, әділ сөз қалмас құптаусыз» деп ешқашанда келешектен күдерін үзген емес. Бұл ұлттың еркіндігін тілеген ақынның қазақ халқына деген сенімі болса керек.

Қазақ халқы Ресей патшалығына бодан болған 300 жылдық мерзімнің ішінде азаттық идеясын айтқан қаншама өлең-жырлар туған болатын. Олардың барлығында да қазақ деген халықтың қамын ойлаған ақындардың көкірек шері, өмір өксігі көрінеді. Бұл сол өлең-жырларды шығарған ақындар-жыраулардың ұлттың рухының, халықтың жанының еркіндігін сақтау жолындағы күресі, олардың жан айқайы. Біз қарастырған Торғай ақындық мектебінің өкілдерінің шығармаларындағы азаттық идеясының көрінісі сол мол мұраның бір парасы. Аталған ақындық мектеп өкілдерінің осы өңірден шыққан Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Нұрғали, Нәзипа Құлжановтар, Ахмет, Ғазымбек Бірімжановтар, Елдес Омаров, Сейдазым Кәдірбаев, Ахметсапа Юсупов, Кәрім Тоқтабаев, Қазгелді Қарпықов т.б. көптеген Алаш қайраткерлерімен пікірлес болуы олардың шығармашылығындағы ұлт бірлігі, оның азаттығы жайындағы Алаш идеясының кеңінен өріс алуына мүмкіндік берді. Өздері де әдебиетпен айналысқан Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының шығармалары қазақ әдебиеті тарихында ерекше орын алатын Алаш ұранды әдебиеттің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Аталған екі тұлға жайлы кеңес үкіметі кезінде айтуға тиым салынғандықтан олардың шығармашылығын зерттеу кеш басталғаны белгілі. Тіпті қазақ тарихынан ойып тұрып орын алатын Ахмет Байтұрсынұлының «Мәдениет тарихы» сияқты еңбектерінің әлі күнге дейін табылмауы немесе тәуелсіздік алған жылдардан кейінде Міржақыптың өлеңдерін өзге ақындардың атынан жариялау бұл саладағы зерттеушілердің кемшілігін көрсетеді. Ахмет пен Міржақып жайындағы жұмыстардың деңгейі осындай болғанда, Торғай өңірінен шыққан басқа ақындардың шығармашылығы туралы сөз қозғаудың өзі қиындау. Олардың көптеген туындылары кеңестік жүйенің кесірінен жойылып кеткен

немесе әлі де жарық көрмеген қалпымен қалтарыстарда жатыр. Дегенмен қолымызда бар осы туындылардың өзі аталған ақындардың азаттық үшін қандай жанкешті күрес жүргізгенін айқындап бере алады.

Республикамыздың Тәуелсіздігінің 25 жылдығын бүкіл Қазақстандықтар болып зор қуанышпен атап өттік. Ғасырлар тоғысындағы Тәуелсіз мемлекетіміздің құрылуы қазақ халқының талай жылға созылған ұлт-азаттық күресінің заңды нәтижесі. Тәуелсіздікке жеткізген жол даңғыл болған жоқ, ол ұлы белестерден, қиын-қыстау асулардан тұрды. Болашақ мемлекетіміздің ірге тасы осы Алаш қайраткерлері өмір сүрген тарихи кезеңдерде қаланған болатын. Азаттық жолындағы қасиетті де қасіретті күрестің тарихын және ұлт мүддесі жолында күрескен қазақ зиялыларының өмірі мен қызметін зерттеп тануға, туған еліміздің, отанымыздың шынайы тарихын білуге библиографиялық көрсеткіштің ықпалы зор болады деген сенімдеміз.

Шығармалары:

296. Дулатбеков Н. Алаш ардақтылары: Санкт-Петербург іздері: [мақалалар топтастығы] / Дулатбеков Н.- Алматы: Таймас, 2013. - 240 б.
297. Дулатова Г. М. Алаштың сөнбес жұлдыздары: естелік-эссе / Дулатова Г. М.- Алматы: Мектеп, 2012. - 392 б.
298. Алаш арысы / құраст. З.С. Қожанова. - Алматы. 2011. – 320 б.
299. Алаштың аяулы Ақселеуі: естеліктер.- Алматы: Қазығұрт, 2011. - 296 б
300. Жұртбай, Т. "Ұраным - Алаш !.. "(Түрме әфсанасы). 2-том. / Т. Жұртбай - Алматы: Ел-шежіре, 2011.- 464 б.
301. Алаштың ардағы: елтанымдық және тіл танымдық жинақ / құраст.: Е. Е. Тілешов, Г. П. Әріпбек. - Астана: Руханият, 2010. - 267 б.
302. Алаштың ардағы / құраст. Е. Тілешов, Г. П. Әріпбек ; ред. С. Жұмағұлов.- Астана: Руханият, 2010. - 1 CD-Rom.
303. Алаштың ардағы: елтанымдық және тіл танымдық жинақ / құраст.: Е. Е. Тілешов, Г. П. Әріпбек.- Астана: Руханият, 2010. - 267 б.
304. Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры: ғылыми - зерттеу / Қамзабекұлы Д.- Астана: Ел-шежіре, 2008. - 357 б.
305. Алаш арыстары - Мұхтар Әуезов / жауапты ред. Т.: Ибрагимов. - Астана: Елорда, 2005. – 24 б.
306. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет: [көпшілік оқырман қауымға арналған] / Қамзабекұлы Д.- Астана: Фолиант, 2002. - 474 б.
307. Құл-Мұхамед М. Алаш қайраткерлерінің саяси-құқықтық эволюциясы. – Алматы, 1998. – 360 с.
308. Бес арыс : Естеліктер // Құраст. Әшімханов Д. – Алматы : Жалын, 1992. – 544 б.

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдар:

309. Қойгелдиев, М. Алаш идеясы: бір ғасыр өткен соң / М. Қойгелдиев // Егемен Қазақстан. - 2017. - 1 қаңтар. - Б. 5.
310. Қойгелдиев, М. "Смағұлдан басқамыз аманбыз!": [Алаш зиялылығы жайында] / М. Қойгелдиев // Егемен Қазақстан. - 2017. - 20 қаңтар. – Б. 11.
311. Қасым, А. Алаш арыстары ұлықталды / А. Қасым // Егемен Қазақстан. - 2017. - 27 қаңтар. - Б. 12.
312. Мұстафа Шоқай [Мәтін] : [алаш қайраткері Мұстафа Шоқай туралы] // Қазақ. – 2017. – 3-10 ақпан. – Б. 7.
313. Смайылұлы, М. Мұстафа Шоқай [Мәтін] : [алаш ардақтысы Мұстафа Шоқай туралы тың деректер] / М. Смайылұлы // Қазақ. – 2017. – 7-14 сәуір. – Б. 5.
314. Қабажаева, Ә. «Алаш қайраткерлеріне мың тағзым!» / Ә. Қабажаева // Торғай . - 2017. - 5 мамыр. - Б. 4.
315. Сайлауқызы, А. Ұлт көсемі: [Алаш қайраткері - Әлихан Бөкейхан туралы] / А. Сайлауқызы // Қазақ үні. - 2016 . - 19 қаңтар . - Б. 5
316. Сәрсекеев, Қ. Қазақтың үш арысы: [қазақ зиялылары туралы] / Қ. Сәрсекеев // Қазақ. - 2016 . - 08-15 қаңтар . - Б. 6
317. Қойшыбаев, Б. Қазақ ұлттық мемлекетінің негізін қалаған: [қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханов туралы] / Б. Қойшыбаев // Үш қоңыр. - 2016 . - 29 қаңтар . - Б. 3.
318. Қалижанова, Ж. Алаш туын көтерген алыптарым [Мәтін] : [өлең] / Ж. Қалижанова // Арқалық хабары. - 2014. - 17 қаңтар. - Б. 5.
319. Орынбасаров, Ж. Алаш зиялыларының қызметі мен соңғы тағдыр жолдары [Мәтін] : [қазақ зиялыларының өмірі туралы] / Ж. Орынбасаров // Қазақ.- 2014. - 15-29 тамыз. - Б. 6-7.
320. Алаш арыстары қалай ақталды? [Мәтін] : [ғалым Жабайхан Әбділдинмен сұхбат] / Ж. Әбділдин ; әңгімелескен Жарасбай Сүлейменов // Егемен Қазақстан. - 2013. – 11 қаңтар. - Б. 7.
321. Избасарқызы, Д. Алаш арыстарын ұмытпайық! [Мәтін] : [қуғын-сүргін құрбандарын еске алу кеші туралы] / Д. Избасарқызы // Арқалық хабары.- 2013. - 7 маусым. - Б. 1.
322. Алашорда және Алаш арыстары [Мәтін] : [алашорда үкіметінің құрылғанына 95 жылдығына арналған материал] // Мөлдір бұлақ. - 2013. - № 1. - Б. 4.
323. Омаров, Ж. Арман болған адамзатқа жарық күн [Мәтін] : [өлеңдер] / Ж. Омаров // Жалын.- 2013. - № 2. - Б. 51-53.
324. Көктемұлы, К. Алаштың азаттық аңсаған ардақтысы [Мәтін] : [қоғам және мемлекет қайраткері қатарындағы аса көрнекті тұлға туралы] / К. Көктемұлы // Мөлдір бұлақ. - 2013. - № 1. - Б. 5 .
325. Байдалы, С. "Мен де аман келермін" [Мәтін] : [Алаш қайраткері Перуаш Кәрімұлы туралы] / С. Байдалы // Егемен Қазақстан. - 2013. –

- 29 қазан. - Б. 7.
326. Кенжалин, Ж. Алаш оқығандары [Мәтін] : [қазақтан шыққан зиялы қайраткерлер] / Ж. Кенжалин // Ана тілі. - 2012. - 2 ақпан. – Б. 5.
327. Иманғалиев, Р. Алаш ардақтысы Өтемұрат Айтасовты ескерусіз қалдыруға болмайды [Мәтін] : [алаш қозғалысының ардақтысы Өтемұрат Айтасов туралы] / Р. Иманғалиев // Қазақ. - 2012. - 23 - 30 наурыз. –Б. 5.
328. Ақтаев С. Бесаспап [Мәтін] : [Алаш арысы Жұмағали Тілеулин туралы] / С. Ақтаев // Қостанай таңы. - 2012. - 18 сәуір. – Б. 5.
329. Бадыров, О. Алаштың атаулы ұлы [Мәтін] : [Қазақстанның халық әртісі Қапан Бадыров туралы] / О. Бадыров // Жас өркен Қостанай. - 2012.- № 1. – Б. 6-7.
330. Әбілқайыр, Ә Ұлты үшін құрбан болған алаш арысы [Мәтін] : [заңгер, алашорда қайраткері Жанша Досмұхамедов туралы] / Ә. Әбілқайыр // Қазақ. - 2012. - 3 тамыз. – Б. 6.
331. Жұртбай, Т. Алаш идеясы - ұлттық идея болуы тиіс [Мәтін] : [ұлттық идея негізін салушылар туралы] / Т. Жұртбай // Айқын. - 2011. - 15 қаңтар. – Б. 1,3.
332. Байбосынова, Д. Мәңгі есте сақталады [Мәтін] : [саяси қуғын - сүргін құрбандарына тағзым] / Д. Байбосынова // Біздің Торғай. - 2010. - 4 маусым. – Б. 5.
333. Еспембет, А. Алаш арыстары және әдебиет [Мәтін] : [Алаш қозғалысы және әдебиет жайында] / А. Еспембет // Қазақ. – 2011. – 19-26 тамыз. – Б. 8.
334. Қайырбай, Қ. Алаштың ардақты азаматы [Мәтін] : [тұлғаны еске түсіру] / Қ. Қайырбай // Әдемі Ай. - 2010. - № 1. – Б. 5.
335. Рамазанқызы, Б. Алаштың ардақты ақсақалы [Мәтін] : [мемлекет және қоғам қайраткері Бәйкен Әшімұлы туралы] / Б. Рамазанқызы // Ана тілі. - 2010. - 19 тамыз. – Б. 8.
336. Жұртбай, Т. Алаш қайраткерлері аштықпен қалай күресті? [Мәтін] : [еліміздегі 1921-22 жылдардағы аштық туралы] / Ж. Тұрсын // Торғай. - 2010. - 3 қыркүйек. – Б. 4.
337. Ахатаева, Ғ. Алаш қайраткерлерінің қайсар рухы - ұрпаққа үлгі [Мәтін] : [алаш азаматтарын мақтан тұтуға, үлгі етуге тәрбиелеу] / Ғ. Ахатаева // Қазақстан тарихы әдістемелік журнал. - 2009. - № 5. – Б. 3.
338. Райымбекова, М. Алашорда - Тәуелсіздіктің бастауы [Мәтін] : [алашорда қайраткерлері туралы] / М. Райымбекова // Ұлағат. - 2009. – № 2. – Б. 21-30.
339. Махат, Д. Алаш зиялылары қалай қуғындалды? [Мәтін] : [алаш зиялылары туралы мұрағатта сақталған деректер] / Д. Махат // Нұр - Астана. - 2009. - № 6. –Б. 6.
340. Мұсабаев, Х. Алаштың Асқары [Мәтін] : [өлең] / Х. Мұсабаев // Қостанай таңы. - 2009. - 23 қаңтар.
341. Қыдырханұлы, У. Алаш арыстарының Шәуешекке сапары [Мәтін] :

- [Алаш арыстарының басындағы жағдайлар туралы] / У. Қыдырханұлы // Егемен Қазақстан. - 2008. - 25 маусым.
342. Мұсабаев, Х. Алаш арыстарының бірі [Мәтін] : [мемлекет қайраткері Хәкімжан Байдәулетов туралы] / Х. Мұсабаев // Қостанай таңы. - 2008. - 23 шілде. – Б. 5.
343. Ақжан Т. Алаш елі ардақтысын ұлықтады [Мәтін] : [ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының 150 жылдық мерейтойы аталып өтуі туралы] / Т. Ақжан // Әдебиет айдыны. - 2008. - 18 тамыз.
344. Қамшыгер, С. Алаш десем..[Мәтін] : [өлең] / С. Қамшыгер // Әдебиет айдыны. - 2008. - 13 қараша. – Б. 11.
345. Ақжігіт, Ө. Алаш арыстары ардақталды [Мәтін]: [қуғын-сүргін құрбандары Темірбек Жүргенов пен Қабылбек Сармолдаев туралы] / Ө. Ақжігіт // Жас қазақ үні. - 2008. - 26 желтоқсан. – Б. 5.
346. Омарбеков, Т. "Алаш" атауының тарихын дұрыс бағамдап жүрміз бе? [Мәтін] : [алаш атауы туралы] / Т. Омарбеков // Қазақ әдебиеті. - 2008.
347. Кенемолдин, М. Алашорда соты [Мәтін]: [алаш арыстары туралы] / М. Кенемолдин // Абай. - 2008. - №2. – Б. 59-66.
348. Алдабергенов, Қ. "Алашорда " партиясының баспасөз органдары және онда қызмет істеген ірі тұлғалар [Мәтін] : [Алашорда үкіметінің құрылғанына 90 жыл] / Қ. Алдабергенов // Саясат. - 2008. – № 7. – Б. 42-47.
349. Әбділдин, Ж. Алаш азаматтарының ақталуы [Мәтін] : [алаш арыстары туралы] / Ж. Әбділдин // Абай. - 2008. - № 4. – Б. 2-14.
350. Омаров, А. Ұлы мақсат және оның құрбандары [Мәтін] : [алаш арыстары туралы] / А. Омаров // Түркістан. - 2008. - № 37. – Б. 7.
351. Аманжол, Қ. Алаш рухын өшірмей.. [Мәтін] : [өлеңдер] / Қ. Аманжол // Әдебиет айдыны. - 2007. - 18 мамыр. – Б. 9.
352. Патшалы Ресейдің II Думасына сайланған Алаш қайраткері - Бақтыгерей Құлманов [Мәтін] : [алаш қозғалысының көрнекті қайраткері Бақыткерей Құлманов туралы] // Бала Би. - 2006. - № 9. – Б. 4.
353. Нұрпейіс, К. Жетісулық алаш қайраткерлері [Мәтін]:[алаш арыстары туралы] / К. Нұрпейіс // Қазақ тарихы. - 2006. - № 2. – Б. 59-63.
354. Кенемолдин, М. Алаш мектептері [Мәтін] : [Семейде Алаш арыстары ашқан алғашқы алаш мектептерінің тарихы] / М. Кенемолдин // Абай. - 2004. - № 4. –Б. Б. 83-86.
355. Әуезова, Ә. Халықтың қайсар ұлдары [Мәтін] : [әділетсіздік пен қатыгездіктің құрбаны болған арыстарымыз туралы] / Ә. Әуезова // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде-Казахский язык и литература в русской школе. – 2002 - № 5. – Б. 61-63.
356. Смағұлова, С. Көлбай Төгісов кім еді? [Мәтін] : [ағартушы, драматург, публицист Көлбай Төгісов туралы] / С. Смағұлова // Түркістан. – 2002. – 3 қазан. – Б. 7.
358. Өзбекұлы, С. Автономия жөніндегі айтыс [Мәтін] : [Әлихан

- Бөкейханов, Райымжан Мәрсеков және Әлімхан Ермековке қатысты Томскіден табылған тың дерек жайында] / С. Өзбекұлы // Егемен Қазақстан. – 2002. – 29 қараша. – Б. 12.
359. Торғай алашордасының Колчак үкіметіне хаты [Мәтін] : [Ахмет Байтұрсыновтың айыпталу папкасында жатқан бір құжат жеткізген дерек туралы] // Егемен Қазақстан – 2001. – 25 шілде. – Б. 11.
360. Қозыбаев, М. Ғасыр қасіретін арқалаған арыстар [Мәтін] : [Алашқа айбын болған арыстар жайында] / М. Қозыбаев // Егемен Қазақстан. – 1994. – 12 тамыз – Б. 3.
361. Аққұлұлы, С. І-ші мемлекеттік дума және оған мүше болған қазақтар [Мәтін] : [дума депутаттары Ә. Бөкейханов, С. Хантөре, А. Колмең, Д. Ноян Тұңғат, А. Бірімжанов туралы] / С. Аққұлұлы // Ана тілі. - 1993. - 4 ақпан. – Б. 4.

Есімдердің алфавиттік көрсеткіші:

- Абдрахманов, С. - 255
Абдуллина А. - 65
Абетжанова Э. – 55
Абикеева, М. – 155,242
Ағытайұлы И. – 120,164
Айқадамова А. - 119
Аймағамбетұлы Р. - 133
Айманов Б. – 53, 54
Аймауытов Ж. – 234
Айтанқызы М. - 182
Ақжан Т. – 343
Ақжігіт, Ө. - 345
Ақкүлұлы С. – 80,89,105,361
Ақтаев С. - 290, 328
Алдабергенов, Қ. - 348
Алкебаева Д. – 224
Амангелді Ө. – 232
Аманжол, Қ. - 351
Асфендияров С. - 48
Асаубаева Қ. – 233
Атабаев Қ. – 183
Атығайұлы И. – 149
Ахатаева, Ғ. - 337
Ахметов З. - 28
Әбдрахманова Ғ. - 95
Әбдіжәлел Б. - 74
Әбдікұлы, Т. – 13
Әбдіманұлы, Ө. - 263
Әбдірәсілов Е. - 14
Әбділдин, Ж - 349
Әбдіқалық К. - 223
Әбдіхалықұлы Ө. – 15,152
Әбжанов Х. – 20
Әбсадықов А. - 68
Әбілқайыр Ә - 330
Әбілова Ж. - 247
Әбіш Д. - 226
Әбішұлы Қ. - 106
Әзірбаев К. - 283
Әлмашұлы, Ж. - 287
Әлім Қ. – 87,169,171,175
Әл - Карени Рашит. - 117
Әуезова Ә. - 355
Бағыбаева М. – 265,266
Бадыров О. - 329
Байбосынова Д. - 332
Байдалы С. - 325
Байділдина С. – 60
Байділдин Ш. – 50,58,78,94
Байбосынова Д. - 332
Байтұрсынов А. – 108-
115,142,165
Батыр Д. – 62
Батыр Н. – 7
Батырашұлы С. - 295
Баянова Ғ. – 59
Бәкиев Ж. – 9, 12
Бәкір Ә. – 73
Бейсебаев И. – 29
Бейсенова Ә. – 172
Бейсенова М. - 253
Берлібаев Б. - 63
Боқаева А. - 243
Боранғалиұлы Т. - 293
Борбасова А – 241
Бораш Б. – 240
Бөкейханов Ә. – 37,70,81
Бөкейханов С. - 69
Бөрібаева Қ. - 246
Дәрімбетов Б. - 272
Дәулетхан Ә. - 103
Джумағалиева К - 32
Досанов С. - 154
Досжанов Х. - 138
Досмухамедұлы Х. - 36
Дөкенова Н. - 256
Дулатбеков Н. – 79,296
Дулатұлы М. - 166

Дулатова Г. – 167,185,297
Дулатұлы М. - 166
Дулатова Г. – 167,185,297
Дүйсенов С. - 289
Елеукенов Ш. - 188
Есали А. - 262
Есенқарақызы Х. - 67
Ескекбаев Д. – 11
Есмағанбетов Қ. – 137
Еспембет А. - 333
Жандәулетұлы Н. - 86
Жандыбаев Ғ. - 222
Жанұзақова Қ. – 239
Жәрімбетова Н. –
129,130,146,151,160
Жексеғұлқызы Г. - 26
Жолдасбеков М. - 278
Жолдасова Т. - 244
Жүкенқызы Т. - 156
Жүнісұлы О. - 84
Жұмабаев М. – 193-221
Жұртбай Т. – 19,180,300,33,3361
Игілік С. - 252
Иманғалиев Р. - 327
Имаханбетова Р. – 143,148,153
Кабденова Н. – 245
Касымжанова Г. – 42
Каримкулова А. – 231
Кәрімхан З. - 77
Кемеңгер Қ. - 76
Кенемолдин М. – 91,92,347,354
Кенжалин Ж. – 121,326
Көктемұлы К. – 82,324
Көпейұлы М. – 30-31,33-35,38-41
Күзенбаев Ж. - 189
Қабажаева Ә. - 314
Қабышұлы Ғ. - 230
Қадамбаев Т. - 159
Қажыбаев,Т. – 227,251
Қамзабекұлы Д. –75, 304,306
Қалижанова Ж. - 318
Қайырбай Қ. - 334
Қамшыгер С. – 344
Қанарбаева Б. – 228
Қасымов Г. - 21
Қасымова А. - 147
Қауғабаев О. – 192
Қирабаев С. – 132,134
Қозыбаев, М. -122, 360
Қойгелдиев М. –6, 236,309,310
Қойшыбаев Б. – 22,317
Қоянбаева Қ. – 259
Құл-Мұхамед М. – 5,307
Құмар Н. - 184
Құсайын Т. – 23
Құрманалина Ш. – 17
Қыдырбек Ә. - 123
Қыдырханұлы У. – 341

Мансұров Т. – 273,276
Мауданов А. - 260
Махамбет Қ. - 178
Махат Д. - 339
Махамбет Қ. - 178
Мәшһүр-Жүсіп Қ. - 176
Мұратова А. - 187
Меңдібай С. - 186
Молдашұлы Б. – 179
Мұқаев У. – 190
Мұқанов Қ. – 25
Мұқатов Н. - 139
Мұратова А. - 187
Мұса С. - 291
Мұсабаев Х. – 340,342
Мүсіреп Ғ. - 64
Мүтиев З. – 237
Нұғыманова А. – 238
Нұрманова А. - 124
Нұрпейіс К. – 24,353
Нұрсейітова Ш. – 225
Несіпбай А. -104, 160
Озганбай О. - 43
Омарбеков Т. – 27,346
Омаров А. - 350
Омаров Ж. – 32
Омарова Ж. - 131
Орынбасаров Ж. – 319
Оспан Б. - 168
Оспанұлы С. – 128,157,257
Өзбекұлы С. - 358
Пірәлиева Г. – 258
Рамазанқызы Б. - 335
Райымбекова М. - 338
Сабирова Ж. – 269
Сабыржанұлы С. – 136
Сайлауқызы А. - 315
Сақалқажы С – 66

Салықов К. - 288
Сахыбекқызы Р. – 135
Сәбитова І. - 56
Сәрсекеева Г. – 61
Сәрсекеев Қ. – 94,96,99-
101,126,316
Сәрсенбекова А. – 191
Сеңкібаев С. - 270
Смайылұлы М. - 313
Смағұлов Ж. - 102
Смағұлова С. – 51,357
Сүлеймен Е. – 88
Сүлейменов Ж. - 249
Сұлтанғалиева Г. – 248
Сұлтанов Ө. - 83
Сыдықова Ж. – 267
Тайшыбай З. – 150
Талапбайқызы Ж. – 235
Талғатқызы А. – 8
Тоқтарбай Е. - 125
Төлөпберген Б. - 93
Төрөкұлов Н. – 274-275,2
Шүкірұлы С. – 177
Ысқақұлы Д. – 264,292
Ысмайылұлы Ы. – 294
Ізтілеуова С. - 268

Мазмұны:

1. Құрастырушыдан.....	3
2. Алаш қозғалысы: Аңыз және ақиқат.....	4-8
3. Алаш партиясы. Алаш партиясы съезінің қаулысы.....	9-15
4. Алашқа айбын болған арыстар.....	16
5. Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан.....	16-21
6. Ахмет Байтұрсынов.....	22-28
7. Міржақып Дулатұлы.....	28-32
8. Мағжан Жұмабаев.....	33-41
9. Нәзір Төреқұлов.....	41-43
10. Алаш арыстары және әдебиет.....	43-53
11. Есімдердің алфавиттік көрсеткіші.....	54-60

***Біздің кітапхананың мекен-жайы:
110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.
E – mail:arkounb@mail.ru***

***Құрастырушы: Г.К. Сейтқожина
Компьютерлік терілім: Г.К. Сейтқожина
Редактор: А.К. Ахметжанова
Шығарылымға жауапты: К.Б. Борибаева
Басуға қол қойылды 25.05.2017.
Таралым 5
Басылым: ксерокс
Көлем 0,35***